



Сыр бойы

№60-61 (21135-21136) 25 сәуір, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ



ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ БЕЙІМДЕЛУ ҚАЖЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев AI экожүйесін дамытуға арналған негізгі алаң саналатын ALEM.ai халықаралық жасанды интеллект орталығын аралап көрді.

Орталықта жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары жүргізіліп, стартап-бастамалар мен басқа да қолданбалы шешімдердің енгізілуіне жағдай жасалады.

Іске асырылып жатқан жобалар ЖИ технологиясын мемлекеттік секторда, бизнесте және күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы, Орталық Мемлекет басшысының Қазақстанды технологиялық, заманауи және бәсекеге қабілетті елге айналдыруды көздейтін стратегиялық бағдарын орындау мақсатында құрылған.

Президент Орталықты аралау барысында Astana Smart City жобасының іске қосылғанына куә болды. Бұл – интеллектуалды қала инфрақұрылымының жана буынын қалыптастыратын маңызды бастама. Presight.AI компаниясының бас директоры Томас Прамотедхам қала жүйелері мен деректерді нақты уақыт режимінде біріктіретін бірнәғай AI-платформаны, сондай-ақ оның

шаһарды басқару тиімділігін арттыру барысындағы қолдану мүмкіндіктерін таныстырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар білім беру бастамасын іске қосу рәсіміне қатысты. Президенттің тапсырмасымен 2024 жылы Astana Hub жанынан Tomogow School жасанды интеллект мектебі құрылған болатын. Енді оның табысты тәжірибесі ел көлемінде таратылмақ.

Мемлекет басшысы телекөпір арқылы 14 өңірдегі Tomogow School мектептерінің желісін ашты. Бұл мектепте кәсіптік білім берілетін және оның ішінде ақпараттық технология саласына жаңа қадам басқан азаматтар тегін білім алады. Тағы бір білім беру алаңы – цифрлық және шығармашылық дағдыларды меңгергісі келетін 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған TUMO Astana креативті технологиялар орталығы. Мұнда генеративті жасанды интеллект, бағдарламалау, ойын ойлап табу, анимация, 3D-модельдеу, роботты техника, киноөнім және

цифрлық музыка секілді 11 техникалық және креативті бағыт бойынша білім беріледі.

Бұдан бөлек, Президентке AI Research University тұжырымдамасы таныстырылды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, зерттеу университеті ALEM.ai базасында орналасады. Студенттер aLEM.cloud, ALEM.LLM секілді ұлттық жасанды интеллект инфрақұрылымын және Astana Hub ресурсын пайдалана алады. Оқу үдерісін биыл 1 қыркүйектен бастау жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары-2026» халықаралық турниріне дейінгі кері санақты интерактивті форматта іске қосты. Фиджитал-атлеттер арасындағы дода Астана қаласында 29 шілде мен 9 тамыз күндері аралығында өтеді.

Мемлекет басшысына отандық SturtoPay жүйесін пайдалану арқылы Қазақстандағы алғашқы криптовалютамен төлеу үрдісі көрсетілді.

2-бет

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ҮШІНШІ ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНА

Ұлттық кітап күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, кәсіпкер-меценат Эдуард Огай, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен еліміздегі үшінші Президенттік кітапхананың іргетасын қалау рәсімі өтті.

Облыс әкімі жиналған жұртшылықты 23 сәуір – Ұлттық кітап күні, кітапханашылардың кәсіби мерекесі және жаңа кітапхана құрылысының басталуымен құттықтады.

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы былтыр аймаққа келген сапарында Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхананың Қызылорда қаласында ашылатынын жеткізген болатын. Жерлестеріміз бұл бастаманы зор қуанышпен қабылдады.

Енді өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызды жобаның бірі – білім мен мәдениеттің алтын дінгегіне айналатын



Президенттік кітапхананың қапсуласын салу рәсімінде бас қосып отырмыз. Маңызды жобаны жүзеге асыруға демеушілік көрсеткен елімізге белгілі кәсіпкер-меценат Огай Эдуард Викторовичке барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды зор ризашылығымды білдіремін.

Демеушілікпен 20 млрд теңгеге салынатын, аумағы 13 мың шаршы метр, сәулетті, жаңа кітапхана заманауи талаптарға сай болады. Ғимаратта оқу, конференция, баслым, архив пен сирек қорға арналған залдар, электрондық кітапхана, әлем әдебиеті бөлімі мен өнер галереясы, көрме, коворкинг орталықтары, қалпына келтіру шеберханасы қарастырылған.

2-бет

/// ФОРУМ

ЖАСТАР ЖӘНЕ САЙЛАУ

«Құзыреттілік орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің қатысуымен «Жастар және сайлау» атты республикалық форум өтті. Оған Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен барлық өңірдің аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, Жас сайлаушылар клубының белсенді мүшелері келді.

Аймақ басшысы мемлекетіміздің келешек тағдырын айқындаған референдумда сайлау комиссиялары маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата Заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған



дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі» деген болатын.

2-бет

/// ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА 100 КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Кеше сол жағалаудағы «Қайсар Арена» стадионында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдары басшыларының қатысуымен полиция департаментіне 100 жаңа арнайы автокөлік кілті табысталды.

Облыс әкімі өңірде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғындардың қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасын арттыру

бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік

күруге тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз», – деп нақты міндеттерді белгілеген болатын.

Қазақстан полициясы – қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аса

маңызды құрылым. Елдегі тыныштық пен тұрақтылықты сақтауда полиция қызметі Тәуелсіздігіміздің қастерлі міндеттеріне көлеңке түсірмей, берекелі бірлігімізді сақтауға үлес қосуда.

Сонғы төрт жылда аймағымыздың полиция органдарының материалдық-техникалық базасын заманға сай жақсартуға облыстық бюджеттен 17

млрд 805 млн теңге, оның ішінде арнайы автокөліктермен қамтуға 4 млрд 282 млн теңге қаралды. Заманауи құрылғылармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік табысталды.

Бүгінгі арнайы автокөліктер де тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қызметтеріңізді тиімді ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады деп сенеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Тәртіп сақшыларына берілген көліктер сенімді байланыс жүйесімен, бейнетіркеу құрылғысымен, навигациялық бағыттау тетігімен, арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен, жедел қызметті тиімді атқаруға қажетті өзге де техникамен жабдықталған. Бұл тәртіп сақшыларының әрекетін жеделдетіп, қызмет сапасын арттырады.

Кейінгі жылдары төтенше жағдай құрылымдарына 14 өрт сөндіру автокөлігі және 8 арнайы техника сапты алынды.

Биыл қосымша 20 өрт сөндіру автокөлігін алу бастамасын облыстық мәслихат қолдап, бүгінде келісімшарт рәсімделуде.

Жергілікті бюджет есебінен барлық елді мекеннің денсаулық сақтау мекемелеріне 245 санитарлық автокөлік алынып, өңірдің медицина саласының автопаркі 100 пайыз жаңартылды.



ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ БЕЙІМДЕЛУ ҚАЖЕТ



Президент Aem.ai battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөз сөйледі. Елімізде қоғамның барлық саласын қамтыған ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

– Наурыз айында Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл, ең алдымен, еліміздің келешегі үшін өте маңызды және тарихи қадам болды. Азаматтарымыз, әсіресе, жастарымыз мұны жақсы түсінеді. Олар республикалық референдумға белсене қатысып, Ата Заңды қолдап, дауыс берді. Жұртымыз бір қоғам болып жауапкершілік пен отаншылдық рухының озық үлгісін көрсетті. Тұғырына қонған жаңа Конституцияда халқымыздың бірегей болмысы, басты құндылықтары мен биік мақсаттары көрініс тапты. Бүгін осы жыныға ел жастары, білімді, білікті, зияткер азаматтар қатысып отыр. Мен сіздерді Қазақстанның жарқын болашағы деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы жастар елімізді биік белестерге бастап, ұлтымыздың мерейін өсіретініне сенім білдірді.

– Халық Конституциясы – өскелең ұрпаққа жол көрсететін темірқазық. Жаңа Ата Заңымыз – Әділетті Қазақстанның мызғалмас тұғыры. Заң мен тәртіп қағидасты мемлекетіміздің өзегіне, ұлт санасының арқауына айналды. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы халқымыздың туған жерге, тұрса табиғатқа деген қамқорлығын күшейтті. Елімізде қоғамдық маңызды бар жұмысты міндет емес, қастерлі парыз санайтын нағыз жанашыр азаматтар көбейді. Біз оларды еріктілер немесе волонтерлер деп атаймыз. Міне, осы құндылықтардың бәрі де Халық Конституциясының преамбуласына арнайы жазылды. Мемлекеттің басты байлығы – адам. Сондықтан адам капиталын дамыту конституциялық міндет ретінде айқындалды. Бас құжатта еліміздің ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беретіні нақты көрсетілді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлемнің аса жоғары жылдамдықпен дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, қазіргі «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы заманда бәсекеге қабілетті ел болып, көш соңында қалмай, өркениетті елге сай өсіп-өркендей беру қажет.

– Елімізде осы бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа технологияларды енгізу үшін зерттеулер негіз жасалып, Цифрлық кодекс қабылданды. «Жасанды интеллект туралы» Заң күшіне енді. Таяу арада Қазақстанның цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Бәрімізге белгілі, биыл елімізде – «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы». Сондықтан алдымызда әлі де көп жұмыс бар. Ширақ қимылдап, тұтас қоғам болып табанды еңбек етуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы тәсілдерді үнемі жаңартып отыруды талап ететінін атап өтті.

– Есептеуіш инфрақұрылымын ілгерілету маңызды бағыт болып қала береді. Суперкомпьютер кластерінің іске қосылуы еліміздің технологиялық дербестігін нығайтудағы айтулы уақиға болды. Келесі мақсат – елімізде Деректерді өңдеу орталығы алқабын құру. Аталған ауқымды жобаны іске асыру жаңа инвестиция тартуға және өңірлік цифрлық хаб ретіндегі позициямызды күшейтуге мүмкіндік береді. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі саналады. Бұл мемлекеттік басқару жүйесінен бастап креативті индустрияға дейінгі салаларды қамтиды. Жазда Астанада «Болашақ ойындары» өтеді. Дәстүрлі ережелер мен киберспортты ұштастыратын жарысқа әлемнің 50 елінен мыңға жуық спортшы қатысады. Жаңа спорт түрі озық технологияларды күнделікті тұрмысқа жедел бейімдеуге, ең бастысы, жастар арасында спортты насихаттауға қол ашды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, күзде Қазақстанда Astana AI Film Festival атты тағы бір маңызды халықаралық байқау ұйымдастырылады.

– Бұл креативті индустрияның дамуындағы іргелі өзгерістерді көрсететін жаһандық деңгейдегі алғашқы іс-шара болмақ. Жасанды интеллект шығармашылық табиғатына түбегейлі бетбұрыс әкеледі, өзін танытудың жаңа формаларын ашады әрі таланттардың алдынан

шығатын кедергілерді азайтады. Қазақстан осы жаһандық жаңашылдықтардың бел ортасында болуға ұмтылады. Сонымен қатар жасанды интеллект әсерінен креативті индустрия жойылады, қазіргі күйінде сақталмайды деген пессимистік болжамдарды ескеру керек. Сондықтан барлық үрдісті бақылап, өзгерістерге дер кезінде бейімделу қажет. Фестивальді ұйымдастыру Қазақстанды халықаралық аренадағы инновациялар мен жасампаз бастамалар орталықтарының бірі ретінде көрсету үшін өте маңызды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру және жасанды интеллектті жаппай енгізу үдерісі ауқымды өзгерістерге жол ашқанын айтты.

– Сондықтан біз азаматтардың әлеуетін арттыруға, оларға цифрлық дағдыларды үйретуге баса мән беріп отырмыз. Бүгінде 650 мыңнан астам студент AI Sana бағдарламасымен білім алып жатыр. Алдағы уақытта жасанды интеллект және deeptech-технологиясына қатысты тағы да 100 мың маман даярлауымыз керек. Биыл елімізде жаңа үлгідегі технологиялық білім ордасы – Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл ғылым саласы үшін маңызды оқиға болмақ. Енді алдымызда тұрған өзекті міндет: біз осы салада білікті маман даярлау ісіне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Дарынды жастарды тартып, оларға сапалы білім беру қажет. Сондай-ақ келешегі зор технологиялық жобалар мен компанияларға қолдау көрсету айрықша маңызды. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесі де еліміз үшін тиімді болары анық, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгін екі байқаудың жеңімпаздары марапатталатынын жеткізген Президенттің айтуынша, ұшқыр ой мен терең білім сыңға түсетін мұндай додалардың берері мол.

– Мазмұнды әрі тартысты жарыстар арқылы жаңашылдық, ізденімпаздық, жасампаздық құндылықтары кенінен дәріптеледі. Қоғамда жаңа технологиялық мәдениет қалыптасады. Aem.ai battle сайысына мектеп оқушылары, студенттер, жас ғалымдар және IT саласының мамандары қатысты. Олар өзара тәжірибе алмасып, бір-біріне қолдау көрсетті. Байқау аясында дарынды азаматтарымыз денсаулық сақтау жүйесі, білім беру саласы және жасанды интеллект модельдерін үйрету мәселесіне қатысты инновациялық шешімдер ұсынды. Сондықтан бұл сайысты озық идеялардың бәсекесі десек, қате болмайды. Осындай шаралар сіздерді кәсіби тұрғыдан шыңдайды, елімізде және әлемде сұранысқа ие болатын маңызды жобаларды іске асыруға жол ашады деп сенемін. AI Governance Cup байқауының да мән-маңызы айрықша. Бұл сайыста жасанды интеллектті мемлекеттік басқару ісіне енгізуге арналған іргелі бастамалар ұсынылды. Соның ішінде медициналық куәландыру жүйесін автоматтандыру, интеллектуалдық прокурорлық қадағалау, педагогтерді қолдау жүйелерін ерекше атап өтуге болады. Мұның бәрі идея немесе пилоттық жоба деңгейінде қалып қоймауы керек. Негізгі мақсат – озық идеялар мен бастамаларды мемлекеттік құрылымдардың қызметіне кезең-кезеңімен енгізіп, жұмыстың тиімділігін арттыру. Осыған баса назар аудару қажет. Осындай беделді байқауларда жүлделі болу – шын мәнінде, үлкен жетістік. Сіздердің жеңістеріңіз – үздіксіз ізденіс пен табанды еңбектің жемісі екені сөзсіз. Бәрімізге шынайы ризашылығымызды білдіремін. Мемлекет жаңашыл, жасампаз азаматтарға зор үміт артады, әрдайым қолдау көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласындағы Aem.ai battle ұлттық байқауы мен мемлекеттік органдар арасындағы AI Governance Cup байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

Aem.ai battle жарысының жеңімпаздары төрт аталым бойынша анықталды: – AI Young Talents – ағзадағы глюкоза мөлшерін инвазивті емес тәсілмен анықтайтын SuGuard жүйесі;

– AI Driving Power – мұғалімдердің жұмысын автоматтандыруға арналған Ustaz AI шешімі;

– AI Innovators – ЖИ арқылы қатерлі ісікті ерте кезеңде анықтауға арналған Robio диагностикалық қолғауы;

– Future Builders – ЖИ-модельдерін үйретуге қолданылатын сапалы деректерді жинауға және қалыптастыруға арналған NCSPEECH стартап сервисі.

Үздік ЖИ-шешімдер байқауында мемлекеттік органдар арасынан Ішкі істер министрлігі («AI Қауіпсіздік» аталымы бойынша), Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі («AI Экономика»), Астана қаласының әкімдігі («AI Әлеуметтік саясат»), Ақмола облысының әкімдігі («AI Өңір»), Қарағанды облысының әкімдігі («AI Азаматтарға қызмет») және «KEGOS» АҚ («AI Квазимемлекеттік сектор») топ жарды.

ҮШІНШІ ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНА

ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНАНЫҢ КАПСУЛАСЫН САЛУ РӘСІМІ



Бұл – халықтың рухани дамуына, кітап оқу мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған Президентіміздің қолдауы. Жаңа нысан тек кітаптар жиналған жер емес, ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін, жерлестеріміздің рухани тынысын ашатын тәрбие мен тағлым үйі болмақ. Жаңа кітапхананың құрылысы сәтті аяқталып, ел игілігіне қызмет етіп, ұлт руханияты мен білімінің өркендеуіне үлес қосуына тілектеспін, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Салтанатты шарада сөз алған Әдуард Оғай маңызды жобаны жүзеге асыру өзін жүктелген үлкен міндет екенін атап өтті. Алдағы уақытта

мұнда жастардың ой-танымын кеңейтуге, білімін жетілдіруге жол ашылады. Сәулетті ғимарат облыс халқының рухани шаңырағына айналады деген сенім зор.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Шәкізата Әбдікерімов кітаптың адам өмірінде алатын орнына тоқталды. Кезінде қазақ даласында болған «Отырар кітапханасы» ғылыми жаңалықтарға, тарихи шығармаларға, жаңа бастамаларға жол ашты. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іргетасы қаланып жатқан руханият ордасы күні ертен жас ұрпаққа қалтқысыз қызмет көрсететіні анық.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗЕДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен мәжілісте жалпыхалықтық референдумды ұйымдастыруға және жоғары деңгейде өткізуге белсенді атсалысқан азаматтар марапатталды.

– Мемлекет басшысы «Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата Заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі» деген болатын.

Референдумға Сыр жұртшылығы да белсенді қатысып, берекелі бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетті. Дана халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Жерлестеріміздің жоғары жауапкершілігін арқасында өңірлер арасында көш бастадық. Сырбойлықтар Мемлекет



басшысының Әділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолындағы бастамаларын әрдайым қолдайтынын тағы бір мәрте айқын дәлелдеді, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Жиында Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, «Барыс» төбелігімен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов марапатталды. Бірқатар азаматтарға Президенттің Алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, 15 наурызда халқымыз жаңа Конституцияға арналған референдумға белсенді қатысып, мемлекеттің келешек тағдырын айқындады. Президент бүкіл халық атынан жаңа Ата Заңға және «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді.

«СБ» ақпарат

ЖАСТАР ЖӘНЕ САЙЛАУ

Жаңа Ата Заңымыз тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымызды сақтайды. Азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Еліміздің жетістіктері мен табыстарға бастайды.

Біртұтас Қазақстан халқының барлық мақсат-мүдделесі ескерілген халықтық Конституция еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Президентіміз Ғылым қызметкерлеріне арналған салтанатты шарада жаңа Конституция күшіне енген соң бір палаталы Құрылтай сайлауы биыл тамыз айында өтетінін айтты. Бұл сайлауда да Сыр жұртшылығы ауызбірліктің үлгісін көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізеді деп сенеміз, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Өңірде сайлау органдары мен сайлау жүйесіне ерекше мән беріліп келеді. Аймақтар арасында алғашқы болып аумақтық сайлау комиссиясы жаңа үлгіде жабдықталған дербес ғимаратқа көшті. Қызылорда қаласы мен барлық аудандағы сайлау комиссияларына да ғимараттар беріліп, материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Дауыс беру учаскелерінде сайлаушыларға, әсіресе мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жағдай жасалған.

Президент, Мәжіліс депутаттарының сайлаулары мен жалпыхалықтық референдумдарға қатысу көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы республикада алдыңғы қатардан көрінді.

1-бет



Жиында Нұрлан Мәжитұлы сөз сөйлеп, республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, Орталық сайлау комиссиясының ведомстволық медалімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров, «Жастар және сайлау» республикалық форумна қатысушылар облыстық сайлау комиссиясы орналасқан «Сайлау үйінің» жұмысымен танысты.

Сол жағалаудағы жаңа ғимарат аймақ басшысының тапсырмасымен заманауи талаптарға сай жабдықталды. Өр өңірден келген делегация мүшелерінің айтуынша, осындай «Сайлау үйі» тек Қызылордада ашылған.

Мұнда Daryn AI атты онлайн робот-көмекші іске қосылған.

Ол сайлаушыларға өз учаскесін табуына көмектесетін арнайы қосымша арқылы қолжетімді. Негізгі сұрақтарға жазбаша және аудио форматта жауап береді.

Делегация мүшелеріне сайлаушылар көрмесі таныстырылды. Онда мектеп президентін сайлау кезіндегі онлайн дауыс беру, цифрлық технологиялар мен датчиктер көмегімен әзірленген «ақылды бюллетень» жобасы ұсынылды. Сонымен қатар, 3D графикамен жасалған жұмыстар, сайлау тақырыбына арналған колонер бұйымдары қойылған.

Жас сайлаушылар клубының белсенділері сайлау процесін қарапайым әрі қызықты етіп түсіндіретін комикстер шығарған. Жасанды интеллект көмегімен жасалған дауыс берудің маңыздылығы туралы мультфильмдер топтамасын ұсынды.

Айта кету керек, өңірде 9 аумақтық, 134 округтік және 378 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді, олардың құрамында 2642 мүше бар.

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚОҒАМ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛДІ

Қызылордада «Денсаулық сақтау жүйесіндегі жас мамандар: медициналық колледждердің халықаралық диалогы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Медициналық білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған Ішарға Латвия, Беларусь, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан елдерінен медициналық оқу орындары мен ұйымдардың өкілдері қатысты.

«Өнер орталығында» өткен конференцияның ашылу салтанатында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен бірге ҚР ДСМ ғылым және адам ресурстарын дамыту департаментінің басқарма басшысы Гүлмира Алмағамбетова, АМАНАТ партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, Y-PEER

төрағасы Жандос Базартай филиалдың бастамасымен медициналық бағыттағы студенттер мен жас мамандарды тарту арқылы елімізде медициналық еріктілердің бірыңғай ұлттық желісін қалыптастыруды көздейтін АМАНАТ HEALTH жобасын іске асыру жоспарланып отырғанын жеткізді.

– Жобаның басты ерекшелігі – «Қос деңгейлі тәлімгерлік» моделінің енгізілуі. Бұл ретте партияның «Жастар рухы» жастар қанаты ұйымдастырушылық және инфрақұрылымдық қолдау көрсетсе, медициналық оқу орындары еріктілерді кәсіби даярлау мен әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады. Нәтижесінде біз еріктілер қатарын көбейтіп ғана қоймай, тәжірибелі, жауапкершілігі жоғары жас маман-



өңірлік үйлестірушісі, UNFPA Kazakhstan өкілі Надежда Хе, Білім беру қорының президенті, Global Sara халықаралық академиясының құрылтайшысы Тілекес Шинчужина сөз сөйледі.

Медицина саласындағы заманауи технологиялар мен емдеу-диагностикалық әдістердің қарқынды дамуы кәсіби диалогты нығайтуды, білім беру үдерісін жаңғыртуды және халықаралық тәжірибе алмасуды талап етеді. Осы орайда конференция болашақ медицина мамандарының кәсіби және ғылыми әлеуетін біріктіру арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайту, медициналық білім берудегі

дардың жаңа буынын қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Конференция аясында партияның жастар қанаты мен Денсаулық сақтау министрлігі арасында екіжақты меморандумға қол қою жоспарланып отыр, – деді ол.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға, Қызылорда медициналық жоғары колледжі базасымен таньсуға және «Сыр жұлдыздары» шығармашылық академиясындағы секциялық семинар-тренингке ұласты.

Семинар-тренингте студенттер «Көшбасшылық», «Еріктілер», «Болашақта сапалы медициналық көмектің негізі ретінде студенттік ғылым мен практикалық даярлық», «Қазақстан-



инновациялық идеялар мен цифрлық технологияларды ілгерілету, қоғам игілігі үшін мейірімділік пен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған.

Жиында сондай-ақ АМАНАТ партиясы облыстық филиалының

ның цифрлық медицинасы»: Ақпараттық жүйелер мен AI-шешімдердің интеграциясы» бағыты бойынша тәжірибе алмасты.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Елімізде тұрғындардың денсаулығын жақсарту мәселесіне айрықша назар аударылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуді әрдайым тапсырады. Әсіресе, ана мен сәби саулығын сақтау мақсатында нақты міндеттер жүктегені белгілі.

Расында ұлт болашағы дені сау ұрпақпен байланысты. Олай болса, келешегіміз саналатын сол жеткіншектерге көңіл бөліп, қамқорлық көрсету – басты міндет. Бұл орайда елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде де ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы – балаларға медициналық көмек көрсететін мамандандырылған орталық.

БАЛАНЫҢ АМАН-САУЛЫҒЫНАН АСҚАН БАЙЛЫҚ ЖОҚ

Баласы ауру азабын арқаласа, ет-жүрегі езілетін ата-ананың жай-күйі бәрімізге белгілі. Осындайда бірінші Алладан, екінші ақ желеңділерден жәрдем сұраймыз. Облыстық балалар ауруханасын қанша сырқат жеткіншектердің жанына сая, дертіне шипа дарытып, талай сәбиді ажал аузынан алып қалған кәсіби мамандар мекені дерсіз.

«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында 2016 жылы ашылған аурухана 440 төсек-орын, оның ішінде 300 төсек соматикалық, 80 төсек хирургиялық, 60 төсек оңалту және қалпына келтіруге арналған. Сонымен бірге бір ауысымда 300 бала қабылдайтын кеңес беру-диагностикалық емханасы бар. Көпбейінді болғандықтан мұнда науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі. Заманауи медициналық мекемеде соматикалық аурулармен бірге балалар хирургиясы, жансақтау және ота жасау бөлімдері жарактандырылған. Жалпы 18 клиникалық және қосалқы бөлімшелер де бар.

Жыл басында аурухана базасында «Госпиталдық фармация» бөлімі ашылды. Бүгінде медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, сапасын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Әсіресе, мамандар облыс көлемінде бұрынсоңды жасалмаған күрделі оталарды қолға алып, қарқынды дамытуда.

– Аурухана типтік негізде 200 орынға арналған. Қазіргі кезде 440 төсек-орын. Облыстағы балаларға арналған жалғыз көпбейінді аурухана болғандықтан, барлық ауру түрін емдейміз. Кейінгі екі-үш жылда хирургиялық бағыттағы жұмыстарды жандандыруға баса көңіл бөлудеміз. Мамандарымыз жеткілікті, көптеген күрделі ота енгізілді. Лапароскопиялық оталардың түрін көбейттік. Мәселен, асқазан, ішек жолдары, урологиялық, өңеш ауруларына күрделі оталар жасалуда. Құлақ, мұрын, тамақ ауруларына эндоскопиялық ота жасауды қолға алдық. Бұрын мұндай оталар Астана, Алматы секілді ірі қалаларда жасалатын. Оның ішінде облыста алғаш рет тимпанопластика отасы жасалды. Бұл – ортанғы құлақ кү-



логиялық, нейрохирургиялық, басқа да көптеген жаңа емдеу тәсілдері енгізілді. Бұл оталардың бәрі өте қымбат тұрады. Бірақ баланың саулығынан, амандығынан артық емес, – дейді бас дәрігер Әбдігабит Әбләзімұлы.

Өңірде 5 мыңға жуық баланың мүгедектігі бар. Осы орайда оларға сапалы көмек көрсетуде көптеген жұмыс атқарылууда. Әсіресе, науқас балалардың өмірін ұзарту, өз-өзіне қызмет етуіне мүмкіндік жасау, оңалту үшін арнайы «Қамқорлық» оңалту орталығы жұмыс істейді. 2022 жылы ашылған орталықта неврологиялық, кардиологиялық, травматологиялық және туа бітті сал ауруымен ауыратын, яғни оңалту ем-шарасын қажет ететін балалардың ем алуына барлық жағдай жасалған. Бұрын мұндай науқастар республикалық оңалту орталықтарына барса, енді олар сол емді осы жерден-ақ алып жатыр.

– Жаңақорған, Арал аудандарында да «Қамқорлық» балалар оңалту орталығы ашылды. Былтыр жыл аяғында аурухана жанынан «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы пайдалануға берілді. Президент тапсырмасына сәйкес ашылған орталықта туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі балаларға кешенді медициналық, психологиялық және педагогикалық көмек көрсетіледі. Осылайша біздің облыста оңалту жұмыстары бір жүйеге келтірілді, – дейді бас дәрігер. Науқастарға сапалы көмек көр-

коса нейрохирургиялық ота жасауға қажетті микроскоп сұрап отырмыз, – дейді Әбдігабит Әбләзімұлы.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, орталықта бала денсаулығын қорғауға қажетті заманауи құрал-жабдықтар баршылық. Олармен жұмыс жасайтын мамандарды уақытылы даярлау – бас дәрігердің алға қойған басты мақсаты. Ауруханада барлығы 102 дәрігер, 366 орта буын медицина қызметкері жұмыс істейді. Дәрігерлердің 35-і жоғары біліктілік санатты, 23-і бірінші біліктіліктегі, 14-і екінші біліктілік санатты. Былтыр 8 дәрігер жұмысқа қабылданған. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында былтыр 14 дәрігер Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Германия, Түркия елдері мен Астана және Алматы қалаларында тәжірибе алмасқан.

Былтыр қабылдау бөліміне 93368 науқас қаралып, алдыңғы жылмен салыстырғанда (2024 ж – 83986) науқас саны 10 пайызға артқан. Тәулігіне орташа 250-300 балаға дейін қаралады. Бұл балалар арасында тыным алу жолдары аурушандығының маусымдық күшеюіне және жаракат бекетіне қаралған науқастар санының артуымен байланысты.

Ал ауруханаға түскен науқас саны – 18579. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 9 пайызға төмен. Оның себебін мамандар ана мен балаға қамқорлықтың күшеюімен және емханалардағы патронажды қызметтің реттелуімен байланыстырады.

Хирургиялық науқастар саны өткен жылмен салыстырғанда 15,5 пайызға жоғарылап, 6028 болған. Инструментальды зерттеулер саны былтыр 65077, өткен жылмен салыстырғанда 1,41 пайызға өскен.

Телемедицина мүмкіндігінің арқасында республикалық мекемелерден кеңес алу және аудандардағы науқастарға кеңес беру қолға қойылған. Жыл көлемінде 162 телемедициналық кеңес жасалған. Оның ішінде аудандармен 93, республика деңгейінде 69 рет мамандармен кеңес өткізілген.



Суреттер үрейнен Нұржанұлы

рылығын сауықтыруға, дабыл жарғағының бүтіндігін және есту сүйекшелерінің қызметін қалпына келтіруге бағытталған заманауи хирургиялық ем. Ол созылмалы ортаңғы отит, жаракаттар немесе инфекциялар салдарынан есту қабілеті төмендегенде жасалады.

Нақтырақ айтқанда, құлақтың пердесін ауыстыруды бастадық. Екі науқасқа жасадық, өте сәтті шықты. Әрі қарай дамыту барысында мамандарымызды Алматы, Астана қалаларында біліктілігін арттыру курстарынан өткізуді жоспарлап отырмыз. Одан соң Түркияға жіберсек деген ойымыз бар.

Жақында ғана төрт балаға гастростома жасадық. Ол – тамақ жұту функциясы бұзылған немесе өңеш бітелген науқастарды тамақтандыру үшін, алдыңғы құрсақ қабырғасы арқылы асқазанға арнайы түтікше орнату отасы. Бұл асқазанға тағам мен дәрі-дәрмекті тікелей енгізуге мүмкіндік береді. Көбіне сал ауруымен ауыратын балалар өздігінен тамақты жұта алмайды, соларға жасалады. Өте сәтті шықты.

Урологиялық оталар, травматоло-

сетуде заманауи құрал-жабдықтардың маңызы зор екені белгілі. Ауруханада уақыт талабына сай емдеудің тың әдіс-тәсілдерін, медицинадағы жаңашылдықтарды енгізу мен материалдық-техникалық базаның талапқа сай болуы басты назарда. Емдеу орны УДЗ, ЭКГ, МРТ, КТ аппараттарымен бірге коагуляпациялық тексеру жүргізуге қажетті реагенттермен қамтамасыз етілген. Жыл басында Жапонияның Fujifilm компаниясының заманауи ультразвук эндоскопиялық аппараты орнатылды. ЛАЗМИК-ВЛОК заманауи қанды газарту аппараты әкелінді.

– Кейінгі үш жылда ауруханаға 870 млн теңгенің құрал-жабдықтары сатып алынды. Биыл МРТ аппаратын қосып. Жалпы қажетті құрал-жабдықтың бәрі бар, яғни, 99 пайыз қамтылған деп айта аламыз. Ендігі кезекте сал ауруымен ауыратын балаларды, өте ерте жастағы сәбилердің диагнозын анықтауға қажетті МРТ аппаратына түсіруге арналған магнитке әсер етпейтін наркоз аппараты қажет. Сұраныс беріп қойдық. Оған



Жалпы 60 жылдан астам тарихы бар балалар ауруханасы талай асылардан асып, белестерді бағындырып келеді. Саладағы енгізілген жаңалықтарды жылдам меңгеріп, жаңашылдыққа ұмтылуға көпке үлгі болып жүрген емдеу ұйымының жетістігі көп. Алдағы уақытта да емдеу барысында жаңашылдыққа ұмтылу жоспарланған. Былдың өзінде күрделі оталарды енгізу көзделіп отыр. Бұл ұжымның тынымсыз еңбегі, үздіксіз ізденісінің бірден-бір нәтижесі екені сөзсіз. Ал оның ар жағында ұжымды осы істерге жұдырықтай жұмылдырып, кадрдың қадірін біліп, қолдау көрсетіп отырған бас дәрігердің еңбегі жатқанын айтпай кетуге болмас.

А.СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ

Бағдат. Бағыт. Бағдар

Бір болған соң жыр-әні,
Бізге бүйрек бұрады.
Бағдат деген есім,
Бағдар беріп тұрады!

(Тақырыптың тұздығы)

Бұл эссені жазу идеясы қадірлі тұлғалар қастерлеген ақ қалпақтың тарихынан туындады. Ол туралы сәл кейіп-ірірек...

Шыр етіп дүниеге келгенде ата-анасы оған Бағдат деп ат қойды. Жалпы, есім атаулы сол адамның бүкіл тағдырына әсер етпек деген қағида бар. Сондықтан ырымшыл қазақ перзентіне жақсылыққа шақыратын аттарды таңдап алады. Сөбінің өзі де, ныспысы да көркем болғанын қалайды.

Баршаға белгілі Бағдат деген есімнің де мән-мағынасы терең. Ежелгі төркініне ой жүгіртсек, «Құдайдың сыйы», «Тәңірдің тартуы» деген ұғымды білдіретінін байқаймыз. Демек, Жаратқанның жарылқауымен дүние есігін ашқан перзент деген сөз. Тәңірдің тартуы саналатын ұлағатты ұрпақтың кейінгі өмір жолы да өзгеше қалыптасатыны күмән тудырмаса керек. Бүгінгі белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Кәрібозұлының габриятты ғұмырының өнегелі өрестері осы тұжырымдымызды бекемдей түседі.

Бағдат ағаның есіміне қанық болғаныма елу жылға жуықтапты. Қалай басталып еді өзі? Жадымды жаңғыртып көрейін. 1978 жылғы қақаған қыстың ортасында Қызылордаға келдік. Желтоқсан айы. Қасымда әкей бар. Мен Арал ауданындағы Қаратөре орта мектебінің оныншы класс оқушысымын. Негізі, басқа бір шаруамен жүрміз. Бірақ екеуміз осы қалаға арнайы келіп, табан тіреп тұрған соң біраз жерді аралағанды жөн санадық. Дәлірек айтқанда, әкей маған облыс орталығындағы педагогикалық институтты көрсеткісі келді. Бұл – шынында да, тарихы терең, байырғы оқу орны. Орыстың әйгілі жазушысы Николай Васильевич Гогольдің атын иеленген. Біздің аймақта бұдан беделді білім ошағы жоқ. Әкейдің де талай рет барып, табан ілкірте алмаған құтқанады. Ең болмаса, бұл институтқа балаларым түссін деп ойлайтын шығар, әйтеуір кешуен бері мені осылай қарай икемдеумен болды. Ал о бастан КазГУ-дің журналистика факультетін көзден жүрген менің пединститут жаққа аяғым тарта қоймайды. Алайда үлкен кісі жол бастап тұрған соң бармаса әлдің қалмайтыны анық. Институттың сол кездегі бас ғимаратына келдік.

Кірген бетте ұзын дәліздің көрнекті тұсына ілінген құрмет тақтасына көзіміз түстті. Тәуір оқитын студенттердің суреттері жинақталған сияқты. Сол тақтаның жоғары жағында көркем де келісті, жан-жақ жігіттің бейнесі тұр. Суреттің етегіне «Бағдат Кәрібозов, филология факультетінің 4-курс студенті. Лениндік стипендиант» деп жазылған. Соған тесіле қарап қалғанымды байқаған әкей: «Апыр-ай, мына баланың әке-шешесінде не арман бар екен?», – деді.

Не айтқысы келгенін ұқпандаймын. Жазға салым мектеп бітірген соң осы жерге келіп құжат тапсырғанымды жаны қалап-ақ тұр. Менің алдағы жазда оқуға түсе алмайтынымды, одан кейін де екі-үш жыл салпақтап жүретінімді, ақыры бақ-несібе жұрпақтан бұйыратынын дәл сол сәтте кім болжап білген?!

Өйтсе де осы жолы Бағдат Кәрібозов деген есім миымда мықтап шегеленіп қалды. Арада жылдар өтті. Алматыдағы маңдайалды университеттің аумағы атшаптырым қалашығында үш-төрт рет қыстап шықтық. Мысықтабадан отырып, КазГУ-дің жоғары курсына да жеттік. Жоғары курс болған соң, өте еркінбіз. Қайда барсақ та, жастықтың желкенін керіп жүреміз. Бір күні Зейнолла Қабдолов па, әлде Жанғара Дәдебаев па, солардың бірі жүргізуге тиіс арнайы курс сабағы өтетін аудиторияға келбеті көз тартатын, ақсары жас жігіт кіріп келді. «Бүгінгі сабақты мен жүргіземін», – деді бізге. «Жарайды, жүргізе гой», – дедік іштей. Өзімізден ары кетсе, бес-алты жастай ғана үлкен-ау. Біздің ортамызда оқуға кештеу түскен, жаңағы жас ағаймен қатарлас студенттер де баршылық еді.

Мына қызықты қараның, курсымыздың қағынған қыздары бірден жаңадан келген ағай жақты нысанға алып, көздерін бір-бір төңкеріп тастады. Ой, құрғырлар-ай! Міне, дәл осы көрініс бізге онша ұнаған жоқ. Лездің арасында өзімізді тасада қалдырып, үренде жоқ, сүренде жоқ, қайдағы бір жас оқушының жағына шығып кеткен қыз-қырқына деген өкпеміз қара қандай еді. Сондықтан бозбала біткен бірінші сабақтың алғашқы жартысы біткенше қырсықтық та отырдық. Сабағымызға сайтандай сап ете қалған жас оқушыны кекетуге хәм мұқатауға тырысып бақтық. Онсыз да арыстан жалды айбарлы академиктер сабақ беріп жүрген аудиторияға тап болып, абдыранқырап, айтарынан жаңылыңқырап тұрған ағайдың сөзін қайта-қайта бөле бердік. Ауыз-ауық артық-ауыс сұрақ қойып, терлете түскіміз келді. Жұр-фактың оңкей көксоққандары жиылған топтан бұдан өзге не күтуге болар еді?!

Жоқ, жап-жас оқушымыздың білім-білігі жеткілікті екен! Әдебиет теориясын тәп-тәуір меңгерген. Осы жолы қаузап тұрғаны да – сол пән. Тек біздің ерегісіп отырғанымыздың се-



Ақ қалпақ

(Әссе)

белі белгілі-тұғын. Неге тобымыздың бойжеткендері соқталдай болып біз тұрғанда айдаладағы оған қыз қылмындайды?! Неге, а?! Дегенмен қызық қолымсыды екен деп, ағаймыздың соларға көзін сүзетін түрі көрінбейді. Салмақты да сабырлы қалыпқа көшіп, сабағын жалғастыра берді. Сонда да сансыз сауалдың қыспағына алуды қоймаймыз. Ылғи бір кері кеткен сұрақтар. Ол ерінбей-жалықпай жауап береді. Не деген ұстамды адам?!

– Ағай, біздің жұрпақ неғып жүрсіз? Қайдан келдіңіз өзі?

– Қызылорда пединститутыныңмын. Сол оқу орнын бітіргенмін. Был осы университеттің аспирантурасына түстім.

– Мә, жерлес екенсің гой. Бұл курста бір емес, сегіз қызылордалық бармыз. Сонда енді осы сабақты сіз жүргізесіз бе? Кестеде тұрған профессорлар келмей ме?

– Жоқ, олай бола қоймас. Бүгін тек ағайларының орнына жіберді.

– «Дұрыс!» дедік ішімізден. Біздің қыздарға сол керек! Жаңа ағайдың төбесі көрінгеннен жырпылдауы жаман еді... Мына жігіт есіктен кірмей жатып шегінен еліріп кеткен-ді...

– Қызылорданың қай жеріненсің?

– Қазалыданмын.

– Ағай, аты-жөніңізді айтпадыңыз гой?

– Бағдат Кәрібозов.

Токта, осы Бағдат Кәрібозов дегенді қайдан естідім? Лезде ойыма сап ете түсті. Осыдан бес-алты жыл бұрын Қызылорда пединститутының құрмет тақтасынан көрген жігіт екен гой. Үзіліске шыққан соң армансыз әңгімелесейін. Оқу орнын үздік бітіріпті. Ғылымға бет бұрыпты. Әдебиет теориясын ізденіс нысанасына айналдырыпты. Қазақ лирикасының жанрлық жағын қаузап көрмек. Жетекшісі – академик-жазушы Зейнолла Қабдолов. Ардақты Зейнолла ағамыз екінің бірі қолы жетпейтін биіктегі тұлға екені баршаға белгілі. Ендеше, сол кісінің аспиранттарының санатына қосылған бұл жігіт те тегін болмады. Баяғыда пролетариат көсемі атындағы стипендияны тегіннен-тегімен иеленді гой дейсің бе?!

Тегінде, Сыр еліндегі Арал және Қазалы аудандарының қашаннан бір-біріне жаттығы жоқ. Іргелес жатқан елді мекендердің өзіндік салт-дәстүрлері мен әдет-әдебіне, тіпті сөйлеу мәнеріне дейін ортақ. Бағдат Кәрібозұлының ауылымызға жақын жердегі Қазалыдан болып шығуы мені оған етене жақын-дастыра түсті. Енді филфактың аспиранты Бағдат ағам екеуміз жігірек араласа бастадық. Сөйлесеміз. Кенесеміз. Ақылдасамыз. Пікірлесеміз. Ой таластырамыз. Кейде сағаттап отырамыз. Мен ұзамай оқу бітіріп, сол тұстағы ең беделді басылымдардың бірі – «Лениншіл жасқа» қызметке келдім. Сөйтіп, Бағдат Кәрібозұлы сияқты ғылымның өрі мен төрінде жүрген ағаларымыздың түрлі тақырыпқа жазылған мақалаларын басылым бетіне шығарып тұруға мүмкіндік алдым. Беделді редакцияның босағасынан аттағаным Бағдат ағамның қатты қуанғаны есімде.

Ол аспирантурасын бітіріп, «Қазақ совет лирикасының жанрлық сипаты» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, Сыр топырағына қайтып оралды. Сол кездегі тәртіп бойынша ғылыми дәрежесінің дипломын Мәскеуден алды. Құжатын Кеңес Одағының Жоғары аттестациялық комитеті бекітті. Ғылыми ортада

есімі атала бастады. Менің де оған деген құрметім арта түсті. Өзі мақсатына ұмтылып, биік белестерді бағындыруды өмір салтына айналдыра білетініне көзіміз жеткен-ді. Бұдан әрі қарай оның бүкіл ғұмыры Қызылорда мемлекеттік университетімен байланысты болды.

Бәлкім, бауырмал Бағдат ағамыздан жұғысты болған шығар, көп ұзамай біз де әдебиеттану саласына ат қостық. Ғылыми жетекшіміз де басқа емес, Бағдат ағам бағыт-бағдар сілтеген академик Зейнолла Қабдоловтың өзі еді.

Сөйтіп, біз бір шалдың шекпенінің астына жиналдық.

Ұстаз. Ұқсау. Ұлағат

Қамқор болар кішіге,
Қорған болар кісіге.
Қабдоловқа ұқсайды,
Қимылы да, ісі де!

(Тақырыптың тұздығы)

Бұдан кейінгі аралас-құралас тұтығымыз тіпті жиілей түсті. 1993 жылы кандидаттық диссертациямды аяқтап, қорғаудың қамына кірістім. Жетекші ұйым ретінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институты белгіленді. Қорғаудың тәртібі бойынша жетекші ұйым ғылыми еңбекті талқылаудан өткізіп, диссертациялық кеңеске қорытынды пікір ұсынуы керек. Сондықтан мен Қызылордаға келдім. Бұл кезде Бағдат ағам – филология және тарих факультетінің деканы. Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушыларын дереу жинап, жұмысты жедел оқып шығу жөнінде тапсырма берді. Көп ұзамай кафедраның тұжырымы қолға тиді. Соның бәрі Бағдат ағамның тікелей басшылығымен жүзеге асты. Талқылауға өзі де қатысып, ой-пікірін айтты. Осылайша ол маған кәдімгідей қамқорлық көрсетті. Ғылым жолындағы алғашқы белесімді игеруіме мейлінше үлес қосты.

Кейінірек ол КазГУ-ге докторантураға келді. «Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты» деген тақырып бекітіпті. Докторлық еңбегінің ғылыми жетекшісі де – академик Зейнолла Қабдолов. Бұл тұста біз Алматыдамыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистік шеберлік және әдеби өңдеу кафедрасының оқытушысымыз. Бір ғимараттамыз. Филфак жұрпақтың төбесінде. Жіні кездесіп тұрдық. Ар-тұра кітапханада ұшырасып қаламыз. Бірер жылдан соң бұдан да тығыздық араласуға жол ашылды. 1996 жылдың күзінде Қызылорда гуманитарлық университетінің проректоры болып тағайындалдым. Бұл – аты мен заты ғана етпеп өзгерген сол баяғы пединститут. Бағдат Кәрібозұлы келесі жылы докторлық диссертациясын қорғап, оқу орнына оралды. Бұл кезде қала өкімінің орынбасары қызметіне ауысып кеткен едім. Осылайша екі жыл бойы дария жағасындағы шаһарды мекен еткен кезіме Бағдат ағаммен үнемі кездесетінмін.

Бағдат Кәрібозұлы ұстазды қадірлеу жағынан ешкімге ұпай бермейді. Ол академик Зейнолла Қабдоловты Сыр бойына жиі шақыратын. Зекең де Бағдатты туған баласынан кем көрмеді десек, артық айтқандық емес. Сондықтан ардақты ағамыз қызылордалық шәкірттің тілегін үнемі қабыл алатын. Сыр еліне әр келген сайын жарқылдап

жүреді. Алматыға қайтарында да көтеріңкі көңіл-күймен аттанады.

1997 жылы күзге салым Зейнолла ағаны Қызылорда қаласына шақырдық. Себебі, ол желтоқсан айында жетпіс жасқа толатын еді. Сондықтан әйгілі ғалымның мерейтойын Сыр жұртында да өткізгенді жөн көрдік. Бұл қала арнайы экономикалық аймаққа айналдып, жанарып-жасанып жатқан кезеңі. Өзінің дербес басылымы, тіпті телеарнасы бар. Өңірдің бұқаралық ақпарат құралдары атакты академиктің Сыр еліне сапарын жарқыратып көрсетті. Зекеңнің өзі де айрықша риза болды. Бұл ырысты, күршітті Қызылорданың бүкіл өрендері:

Сырдың елі – тұнып тұрған
жыр-аңыз,
Сол өлкеге келді бүгін бір абыз.
Мақтамаймыз Қабдоловты
тек қана,
Қабдоловпен мақтанамыз
мына біз!, –

деп өлеңдетіп жүрген жылдар еді. Бағдат Кәрібозұлы университетте, біз қалалық әкімшілікте габриятты ғалыммен кездесу ұйымдастырдық. Соның бәрине Бағдат аға мұрындық болғанын айтуға тиіспіз. Кеш өткен ғимараттың қай-қайсысына да жұрт лық толды. Елдің ықыласында шек болмады. Зейнолла аға Қызылордаға ат басын бұрған сайын Бәкеннің шаңырағына соқпай кетпейді. Бұл жолы да ізетті інісінің төрінде отырып, Салтанат женешемнің берекелі дастарханнан дәм татты.

Зекеңнің ғылыми жетекшілігімен докторлық диссертация қорғаған он

алған соң оның ажарланып, аруақтанып кеткенін сездік. Жарқыраған жүзінен көз ұялатындай жап-жарық... Көздері от шаша күлімдейді...».

Осынау образды және ойлы тіркестерге қарап, Бағдат ағамыз ғылыммен айналыспай-ақ, бірыңғай көркем шығарма жазғанда да көштің алдын бере қоймайды екен гой деп ойлаймын. Бағдат Кәрібозұлының «Кісілік кілтпаны» атты осынау эссесі академик Зейнолла Қабдоловтың «Менің Өуезовім» атты роман-эссесінің кейбір тұстарын еске салады. Зекең Мұханның дана дидарын сөзбен сомдаса, Бәкең Зекеңнің келісті келбетін бейнелей білді. Бәрібір оның жазғанынан ұстазының әсері молынан байқалып тұрады. Әсіресе, «Мен таңдандым. Өмірімде бірінші рет табиғатында талантты адамның шабытты шағының бақытты да шағы болатынын ойлап кеттім. Осы таңданысым талант табиғаты, суреткерлік бітім-болмыс туралы көп толғансықа түсіп жүретін кейінгі сөзтерімізді бас-тамасы болды», – деген сөйлем бұған дәлел бола алады.

Бір байқағанымыз, Бағдат Кәрібозұлы әр тұжырымын «ойлану» ұғымымен өрнектеуге бейімдеу екен. Бұл да – Зейнолла Қабдоловтың болмыс-бітімін дәл танытатын сүбелі сөздің бірі. Оның да кейіп-кескіні, жан дүниесі, танымталығымы «ой» түсінігімен өзектескені белгілі. Осы жағынан да шәкірт Бағдат абызқақалдың қастерлі қасиеттерін бойға сіңірген сынды. Автордың: «Зекең сынды адамдарды, кейде ойлаймын, қарапайым пенделердің құдайын еске түсіру үшін жаратқан ба деп...», – деген тұжырымы кіршіксіз көңілің таңытса, «Ойлап үлгергенім, Зекең

өмірден сұлулық іздейді екен. Қарапайым, бірақ барынша ақсүйек ағамыздың жан қалауы – табиғат пен адамдар арасындағы үйлесім, үндестік екен... Зекең – үндестік...», – деген толғамы эстетикалық әсерін әйгілеп, талғампаздығының тұғырын биіктетеді.

Ұстазға ұқсай білудің өзі де үндестік пен үйлесімнің белгісі екен гой...

Зерде. Зерттеу. Зерлеу

Базардайын алыпты,
Барша жұртқа танытты.
Бақы Базар Бағдатқа,
Бақ-береке дарытты!

(Тақырыптың тұздығы)

Бағдат Кәрібозұлының ғылыми еңбектерінің ішінде «Сырлы сөз сипаты» және «Базар жыраудың әдеби мұрасы» атты монографияларының орны бөлек. Алғашқысында қазақ өлеңіндегі ұлттық сипаттың жай-күйін қозғаса, кейінгісінде қазақ әдебиетінің тарихында айрықша із қалдырған айтулы жыр жүйірігінің жыр-толғауларын қаузады. Әсіресе Базар жыраудың болмысын тұлғалауға көп уақытын жұмсады.

Сыр өңірінде ғұмыр кешкен Базар жырау Оңдасұлының шығармашылығы толғамының тереңдігімен, ойының ұтқырлығымен, сөз кестесінің көркемдігімен ерекшеленді. Руханиятымыздың асыл қазынасына қосылған сөз сүлейінің мұрасы қай кезде де зерттеуден қенде болған жоқ. Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда үнемі аты аталды. Оның өлең-жырлары әр жылдарда басылып шыққан «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» атты антологиялық жинақтарға енгізілді. Тіпті кенес дәуірінде «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесінен шыққан «Поэты Казахстана» атты аса беделді антологияда ақын өлеңдері В.С.Роджественский мен В.Л.Бибиннің аудармасымен жарияланып, «Базар был поэтом, который, больше чем кто-либо из его собратьев, живших во второй половине XIX века, следовал исконно древним традициям. Высокохудожественные стихотворения Базара, написанные в форме афористических наставлений, затрагивали такие вопросы, как смысл человеческой жизни, проблемы морали и этики, и имели в свое время широко распространение в народе», – деп баға берілді. Оның терең ойға жетелейтін тағалымды термелері халық арасында ұдайы орындалып жүрді. Сондықтан Сыр сүлейірінің ішінде Базар жыраудың есімі ел-жұртқа көбірек танымал болды.

Мұхтар Әуезов оны тұтас бір жүзжылдықты қамтыған қайғы-шер поэзиясы өкілдерінің санатына қосып, «Бұл дәуірге аты белгілі ақындардан кіретін көп болуға керек еді. Өйткені арғы заманның Сыпыра жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын – барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар», – деп тұжырымдайды. Ал қолына түскен бірқатар өлеңін жеріне жеткізе талдап, Базардың «сөзге жүйрік, ойлы ақын екенін сезген»



Мағжан Жұмабаев 1923 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Базар жырау» атты мақаласында «Шынында, Базардың көр-жерді өлең қылып, көрінгенді мақтайтын құр мал тапқыш болмас. Асса, елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең байлаған «кенесі кеңінен келетін» ақын екендігі өлеңінен байқалады», – деп байлам жасапты.

Қазақ әдебиетінің ең сүбелі құндылықтарын жинақтаған «Бес ғасыр жырауы» антологиясына енген Базар жыраудың «Сөйле десең, сөйлейін», «Өзімдей-ақ ұл туар», «Әлі де сенде арман жоқ», «Тілек», «Жиырма бес», «Әр кемелге – бір зауал», «Жәмигі қазақ бір туған», «Тіршіліктің түрлері», «Әлеуметтер, құлақ сал» және басқа терме-толғаулары – шоқтығы биік туындылар. Бұл жинақты құрастырушылар: «Бұқар жырау мен Махамбеттен кейінгі толғау алыбы – Базар жырау. Ол кітаби ақындар мен сарай ақындарына да ұқсамайды. Шығармаларының мазмұны мен тақырыбы қазақ өмірінің шындығынан туған», – деп түсініктеме береді.

Базар Оңдасұлының мұрасын алғаш рет жинақтап, жеке кітап етіп бастырып шығарған зерттеуші Шәрібек Алдашұлының жанкешті еңбегін ерекше атап өтуге тиіспіз. Жыр жампозының шығармалары кең таралған аймақта туып-өскен ол баға жетпес рухани байлықтың жоқ-жітігін түгелдеуге өлшеусіз үлес қосты. Ш.Алдашевтің тұжырымдауынаша, «Балқы Базардың өз төңірегіндегі басқа барша сүйелерге сырсаңдық, шеберхана болғаны анық».

Кейінірек Бегділла Алдамжар құрастырған Балқы Базардың «Назбедеу» жинағы да ғылыми ортаның назарын аударып, мұраны түгелдеуге мол үлес қосты. Онда Сыр сүлейінің толғаулары, жырлары, термелері, арнаулары, сын-сықақтары, дастандары топтастырылды.

Сонымен қатар, жыр алыбының шығармашылығын арнайы зерттеп, ғылыми еңбек қорғаған, «Балқы Базар жырау» атты монографиясын жарыққа шығарған Серікбай Қосан базартануға елеулі еңбек сіңірді. Ол М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорынан, Орталық ғылыми кітапханадан, мұрағаттардан жыраудың өлең-жырларын іздеп тауып, жаңаша тектологиясын түзді. Кейін фольклоршы ғалым Б.Жүсіпов екеуі басыпа дайындаған Базар жыраудың «Жәмигі қазақ бір туған» атты кітабына жаңаша көзқараспен ғылыми түсініктемелерін ұсынды.

Белгілі ғалым Бағдат Кәрібозұлы да ұзақ жылдардан бері Базар жырау шығармашылығын зерттеумен жүйелі түрде айналысып келеді. Қазақ поэзиясының теориялық мәселелерін зерделеп, әдебиеттанушылар қауымына кең танылған ол данқты Сыр сүлейінің өлең-толғауларын қай кезде де назардан тыс қалдырған емес. Ғалымның Базар жырау туралы мақалалары ғылыми басылымдарда тұрақты жарияланып тұрды. Кейін ол бұл тақырыпқа мықтап ден қойып, 2009-2011 жылдар аралығында Қызылордадан республикалық ғылыми-танымдық «Базар жырау» журналын шығарды. Осы басылым Базар шығармашылығын зерттеушілердің рухани орталығына айналды. Қызылдық қысағына байланысты шығуын тоқтатқан журналдың жарық көрген мерзімі базартанудың берекелі бөлісі болып саналады. Бұл тұрасында әдебиеттанушы ғалымның өзі: «Базар жырау» журналының мақсаты – кешегі-бүгінгі Сыр елінің тарихы мен мәдениеті, өнері туралы ғылыми мақалалар мен еңбектерді, сондай-ақ үлгілі көркемөнер туындыларын үнемі жариялап отыру, сөйтіп, оқырмандарымыздың, әсіресе жастарымыздың көзін ата-бабасының адамзат өркенінің жасауға араласқанына, тексіз, төркісіз жұрт болмағанына жеткізу», – деп ой толғайды. Ғылыми басылым Базар жырау туралы барлық зерттеулерді бір арнаға шоғырландыра алды. Осының бәрі «Базар жырау» журналының бас редакторы, профессор Б.Кәрібозұлының тынымсыз еңбегінің арқасында жүзеге асқаны талас түлдірмайды.

Б.Кәрібозұлының бұл тұрғыдағы тағы бір жемісті қадамы – Базар жырау мұрасын 200 томдық «Сырдария кітапханасы» жобасы аясында бастырып шығаруы. Ол бұл жинаққа арнап алғы сөз жазып, жыр жүйірінің парасатты поэзиясының ерекшеліктері жөнінде ғылыми байыптама жасады. Ғалым осы кезге дейінгі зерттеулердің барлығын сараптап отырып, бүгінгі көзқарас тұрғысынан өзіндік ой түйеді. Оның мақсат-мұраты – ой-тұжырымдардың әрқелкілігіне талдау жүргізіп, өз танымы бойынша баға беру, деректер мен мәліметтердің бірізділігін орнықтыру. Замананың әркімі белесіндегі қоғамдық ой-сана деңгейінен айтылған пікірлердің анық-қанығын саралап, қорытынды шығарғанды жөн көреді. Зерттеуші бұл тақырыпқа атсалысқандардың бәріннің еңбегіне құрметпен қарайды. Олардың жетістіктерін үнемі атап көрсетіп, үздік үлгілерін көпке танытуға ұмтылады. Яғни, зерттеу мәдениетін ұлтығымен сақтайды.

Ғалым өзі қызмет істейтін оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіндегі Базар шығармашылығын зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың ұйытқысы болып отыр. Кейінгі буынның тек ақынның мұрасын оқып-ігеріп қана қоймай, оны салмақтап-саралап, талдап-таразылауға тікелей атсалысуына да мүмкіндік туғызуда. Әдебиет тарихы мен теориясының маманы ретінде Сыр сүлейінің өлең-толғауларының әр қырынан қарастырылуына ықпал етіп келеді. Б.Кәрібозұлы осыған орай «Ба-

зар жыраудың әдеби мұрасы филолог мамандар даярлау барысында курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертацияларға зерттеу нысаны болып келе жатқанын» атап көрсетеді.

Зерттеуші Базар жыраудың өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтердің дәлдігін анықтауға көбірек көңіл бөледі. Осы тұрғыдан алғанда, жыраудың туған жылы мен әкесінің атына байланысты бірқатар деректер даулы болып жүргенін айтуға тиіспіз. Мәселен, Базардың әкесі бірде Оңдас, біресе Өтеміс делінеді. Елге кең таралған поэзиялық антологияларда оның туған жылы 1842 жыл деп көрсетіледі. Сондай-ақ Ханғали Сүйіншілиев бұл датаны 1839 жыл, Шәрібек Алдашұлы 1841 жыл, Серікбай Қосан 1840 жыл деп танытады. Ал Бағдат Кәрібозұлы жырау шығармашылығын ұзақ жыл зерттеген Шәрібек Алдашев еңбектеріне, ақын ұрпақтарының естеліктеріне, тарихшы Жұмамұрат Шәмшінің «Базар жырау» атты мақаласына сүйене отырып, жыр жүйірігі 1841 жылы туған деген тұжырымға тоқталады.

Ғалым Базар шығармашылығын саясаттың ыңғайында талдаған зерттеушілердің қателігін көрсетіп, қайта қалыптауға күш салды. Әсіресе, жыраудың шыққан тегіне, күнделікті тіршілігіне, шығармашылық өрісіне байланысты жансақ кеткен тұстарды айқындауға барынша атсалысты. Ол бұл тұрғыда төрелікті Базар толғауларының мәнінен іздеді. Логикалық қисынға салып қараса, өлең сөздің деректік сипатының өзі көп нәрсеге көз жеткізетін тәрізді.

Зерделі зерттеушінің түйін-тұжырымы осыған саяды.

Толғау. Талғау. Талдау

*Сөздің сөлін сақтайды,
Сөйліктей баптайды.
Сөйлегісі келсе есер,
Сүйелеріне саптайды!*

(Тақырыптың тұздығы)

Бағдат Кәрібозұлы Базар жырау шығармашылығындағы тарихи деректер мен тұлғалардың мәліметтеріне де жете мән береді. Ол сөз сүйелін өз заманының жылнамасын хатқа түсірген шежіреші ретінде танытты. Базар мұрасының өлкетану ісіне мол үлес қосатынын атап айтты. Белгілі зерттеушінің: «Өз өлкесі мен елінің елеулілерінің есімдерін елеп, өмірін көркем шежіреге айналдыра отырып жырау – Базар жыраудың дара қолтаңбасы. Бүгінгі сырбойлықтардың жоғарыда аталған есімдерге бейжай қарай алмайтыны, ата-бабаларының атын естіп, жанын түлетіп, санасын жаңғыртатыны – өнердің арқасы, Базар арқылы бізге жеткен мағыналы мағлұмат, құнды деректің әсері екенін айтуымыз керек», – деген пікіріне осы тұрғыдан ден қойған жөн.

Ғалымның бұл тақырыптағы зерттеулерінің маңызды бөлігі – Базар жырау толғауларының көркемдік кестесі. Ол ақынның сөз қолданыстарына, бейнелі құралдарының сипатына, кейіп-теулерінің өзіндік ерекшелігіне жете мән береді. Базардың «Әр кемелге – бір зауал» толғауын талдай келіп, «Адам, аң-құс, жануарлар бейнесі типтендіріле отырып, өмір құбылыстарының мәні ашыла түседі, дүниенің жалғандығы мен өткініштілігі, өзгермелілігі «батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық» дегендейін ыңғайда жырланады», – деп ой түйеді. Жырау философиясын түсініп-түйсінуді де өзгеше. Зерттеушінің ұғымына тоқталсақ, «Желге жеткізбес жүйрік аң, кер құлан, назбедеу тұлпар, қыран бүркіт, бай мен батыр», – Базарша айтқанда, бәріне де зауал бар, мәңгілік еш нәрсе жоқ».

Базар Оңдасұлының толғауларындағы басты тақырыптың бірі – адам бойындағы түрлі қасиеттер. Өмір құбылыстарына аса жетік жырау келесіздіктерді санамалай отырып, қашанда адам болып қалуға үндейді. Оны жалаң күйінде жеткізбей астарлы оймен, қатпарлы тұспалмен аңғартады. Тіршіліктің мәнін ұғып, маңдайға жазылған ғұмырды мағыналы етіп өткізуге шақырады. Бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды өзара шендестіру арқылы елдің көзін ақиқатқа жеткізу мақсатын ұстанады:

*Атамыз алыс болғанмен,
Жәмигі қазақ бір туған.
Бір бәлеге жолығар,
Есебін татпай сөз қуған.
Тозғанмен түрі өзгермес,
Шойынменен тең болмас,
Тұтқасы күміс жез құмған,
Басында іспет бермесе,
Аармас күнде бет жуған...*

Танымы терең, ойы оралымды, сөзі салмақты шайырдың өлең-толғауларындағы мазмұн мен көркемдіктің осындай мағыналы мысалдарын жан-жақты саралаған зерттеуші өзінің тұжырымдарын әдебиет теориясының қалыбына салады. Б.Кәрібозұлы өз еңбектерінде үнемі тоқталатын жырау мен оның кейіпкерлері мәселесін қатар қарастырып, бедерлі байыптама жасайды. «Базар жырау өзі көтеріп отырған мәселенің мәні мен маңызын осы кейіпкерлерінің адамдық мінез-құлқы мен адамгершілік қасиетін ашу арқылы дәлелдеп береді. Дәл осындай жанрлық сипат толғаудың әдебиет туындысы тұрғысынан негізгі қызметі – өмір мен адам танытушылық функциясын толық атқарып шығуына мүмкіншілік жасайды», – дейді ол.

Б.Кәрібозұлы Базар жырау шығармаларын жанрлық жағынан жіктеп, оның әр жанрды жетілдіруге қосқан үлесін айқындауға да ден қойды. Әсіресе, ақын мұрасында көп кездесетін үлгінің бірі – толғау тәсілі. Бұл – қазақ әдебиетіндегі барлық ақын-жыраулардың өлең-жырларын өрнектейтін әрі кеңінен таралған жанр. Әдебиет теориясын зерттеушілердің толғау туралы толғамдары жеткілікті. Ал Базар жырау толғаудың сипатын әрлендіруге қандай үлес қосты дегенде, Б.Кәрібозұлының ұсынымы мынадай: «Толғау-өлеңге әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтумен ауырлата түсу – Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы».

Ғалымның нақтырақ танытуға ұмтылған мәселесі – Базар жыраудың дүниетанымы. Жалпы, жыраулардың өмірді ұғынуында ұқсастық байқалғанымен, әр тұлға өзіндік көзқарасымен айқындалады. Дүниені тану бар да, оны жыр арқылы бейнелеп түсіндіру бар. Сол тұрғыдан алсақ, қай жыр жүйірігі қандай амал қолданады деген сауалға жауап іздеуге тура келеді. Мәселе жыраудың шығармашылығында дүниенің бейнесі қалай кейіптелетініне байланысты. Б.Кәрібозұлының зерттеуіне жүгінсек, «Өмірлік дүниетанымын өз тағдырымен көсірім толғап отыру – Базар жыраудың әсіресе, өмірінің соңғы кездерінде шығарған жырларына тән ерекшелік. Әр нәрсенің ақиқатын анық тани алған ойшыл жырау, бәрі-бірі өмірдің өтпелілігіне, дүниенің қысқалығына өкінеді».

Базар жыраудың аса көркемдікпен жырлаған тақырыбы – сөз өнері мен тіл мәселесі. Жыр жүйірігі бойына бидің болмысы дарыған азамат ел тағдырын қара сөзбен жоқтап, ұлт мүддесін қызыл тілді құдіретімен таныта алатындай болуы керек деп санайды. Жырау әлеуметтің бас көтерер игі жақсыларын сөзді жұптап білуге үндейді, намысын жанып, қайрап-қанаттандырады («Айтқыр деп сені кім айтар, Көп алдында сөздіңді, Күйбеңдеп жатсаң айта алмай»), қызыл тілді қолдана білсе, алапат күшке айналатынын аңғартады («Ашылып сөздің тоғаны, Әл бермейтін бөгуге, Сарқырап селдей қаптаса»).

Базар Оңдасұлының сөз сиқырын бедерленген толғау-термелері ел аузына кеңінен таралған:

*Сөз асылын теріп айт,
Ақын болсаң бал таңдай.
Ызғатып айда даусыңды,
Ыңірде көшкен шайтандай.
Семізін сөйле сөзіңнің,
Мың жылқының ішінде,
Он жельде қысыр байталдай.
Сөз нөсерін тасқыноат –
Тастан-тасқа секірсен,
Тау жайлаған арқардай.*

Бұл жағынан да зерделі зерттеуші Б.Кәрібозұлының айқын ұстанымы бар. Ол жыраудың толғауларындағы «Құмарын тарқат, алқаның», «Сөйле, тілім, жымбыл», «Сөйле десең, сөйлейін», «Қосылдап қал, қызыл тіл», «Сұық сөз құлаққа емес, көңілге мұз» деген әсерлі тіркестерге айрықша назар аударады. Бұл шұрайлы тіркестердің бірқатар толғауларға атау болып тұрғанын да қағыс қалдырмайды. Шешендік өнердің оқулығы секілді Базар термелерінің мазмұнына жіті үнеледі. Сөйтіп, «Базар жыраудың біздіңше, басқа әріптестеріне қарағанда қаттырақ көңіл бөлген мәселесі – тіл, сөз. Осылардың адамдар қарым-қатынасындағы, ел өміріндегі орны. Әсіресе, жырау тілдің, сөздің қоғамдық, өнерлік сипатына айрықша тоқталып отырады. Тіл мен сөздің қоғамдағы, өнердегі орнын белгілеп, оған анықтама беруге Базар жырау бірнеше толғауларында айналып соғып отырған», – деп қорытынды жасайды.

Қазақтың көшпенді өміріндегі, жарасымды тіршілігіндегі тұлғалар да Базар жырау мұрасын айшықтай түседі. Ол әр ұғымның мән-маңызын, оның ұлт дамуындағы орнын бедерлі сөзбен, көркем тілмен бейнелейді. Базар мұрасын зерттеуші ғалым мәселеге осы қырынан келуді де ұмытпайды. Сондықтан оның «Қас жүйрік, батыр мен балуан, көсем мен шешен, бай мен би, арулар жайлы тереннен толғанады. Образды ойлаудың бейнелілігіне, көркем тілге зер салсақ, дәстүрлі қазақ поэзиясын осы тұста да Базар жырау анық ақындық қолтаңбамен байыта түскенін байқау қиын емес», – деген байыптамасын ғылыми еңбегінің түйіндемесі деп ұққан абзал.

Б.Кәрібозұлының жырау шығармаларындағы дін тақырыбы жөнінде де берік байламы бар. Ол «Бір ғажабы, Базар жырау толғауларында о дүние, бұл дүние деп жырау, діни сарындар мен ұғымдарға бір жақты бой ұру атымен жоқ», – деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ғалым сөз зергерінің арнау өлеңдері, тәмсіл сөздері, дастандары мен хикаялары туралы оралымды ой өрбітеді. Әсіресе, зерттеуші Базар жыраудың «Айна-тарақ», «Әмина қыз», «Мақпал-Сегіз» дастандарының көркемдік сипатын айқындауға көбірек көңіл аударады.

Жалпы, ғалым бұл тақырыпты жан-жақты қарастырып, Базар жырау жөніндегі барлық зерттеулерді үйлестіру міндетін мойнына алған деуге болады. Сол себепті ол осы мәселеге қатысты әрбір деректі ой елегінен өткізіп, тосын тұжырым, қисынды қорытынды жасай біледі.

Осылайша, белгілі әдебиеттанушы ғалым Бағдат Кәрібозұлының Базар

жырау шығармашылығы туралы зерттеулері жүйелілігімен, тереңдігімен, салмақтылығымен даралана түседі.

Ынсап. Ырыс. Ыждағат

*Айтқан сөзі ақ болды,
Ақиқатқа жақ болды.
Айтқандардың қалпағы,
Ағамызға бақ болды!*

(Тақырыптың тұздығы)

Ардақты ағаман таныс-біліс болғалы біраз жыл өткен-ді. 2008 жылы мен Сыр бойына тағы да қызметке келдім. Бұл жолы облыс әкімі аппаратының басшысымын. Сан салалы аппарат жұмысына қоса, идеология мәселесіне жауапты шенеунікпім. Міне, осы жерде Бағдат ағам екеуіміздің жолымыз қайта түйісті. Ол университетте ұзақ жыл проректор болып, енді ғана осы оқу орнының Қорқыттану және өлке тарихы ғылыми-зерттеу институтының директорылығына ауысып жатыр екен. Қызылорда облысының әкімі, ұлт руханиятының жанашыры Мұхтар Құл-Мұхаммед оған өңірде туып-өскен қаламгерлердің 200 томдық шығармалар жинағын «Сырдария кітапханасы» сериясымен әзірлеуді тапсырыпты.

Біз келгенде Бағдат Кәрібозұлы бұл іске білек сыбана кірісіп, шағын топпен тынымсыз жұмыс жүргізіп жатты. Қайда көрсенде, қолына буда-буда қағаз ұстап жүреді. Бұл онай шаруа емес-ті. Жоспарлы тізімге енген авторлардың бұрын басылған дүниелерін қайта қарайды. Көптомдықты шығару тәртібіне сәйкес, өзіне қажетті шығармаларды іріктеп алады. Сыр сүйелерінің бүгінге дейін кітап болып шықпаған өлең-толғауларының қолжазбасын іздейді. Оны қолға түсіргеннің өзінде жұртшылыққа ұсынылатын кітаптың тектологиясын түзу – қияметтің қияметі. Әр томға алғы сөз дайындайды, жинаққа енгізілетін туындыларға ғылыми түсініктеме жазды, сосын библиографиясын түзеді. Оның осындай көк бейнетке түсіп отырған сәтін сан мәрте куә болдық. Сондай жанкешті жұмыстың арқасында сырлы сөздер мен жауһар жырларды тоғыстырған «Сырдария кітапханасы» оқырманға жол тартты. Еліміздегі үлкенді-кішілі кітапханалардың төрінен орын алды. Екі жүз томдықтың әрқайсысында серияның бас редакторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының қолы тұр.

Бағдат ағамыз бұл кезде кемеліне келген әдебиеттанушы ғалым болып қалыптасқан еді. Әдебиет теоретиктері қажет болған жағдайда ғибратты ғалымның «Сырлы сөз сипаты» атты монографиясына жүгініп тұрады. Өйткені мұнда сөз өнеріндегі ұлттық сипат мәселесі жан-жақты қарастырылған. Әдебиет тарихы мен әдебиет теориясынан диссертация қорғаушылар бұл еңбекке соқпай өтпейді. Шынында да, байламы берік, бәсі бөлек «Сырлы сөз сипаты» әдебиеттанушылар арасында отыз жылдан бері үзбей пайдаланылып келеді. Өйткені бұл – академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен қорғалған докторлық диссертацияның монографиялық нұсқасы. Сондықтан әдебиеттану ғылымының беделі биік кезде жарық көрген кітаптың әр сөйлемі бағалауға лайық деп білеміз.

Зерделі зерттеуші сол еңбегінде: «Әдебиеттің ұлттық сипатын әдеби бейнелеу жүйесінен іздеуіміз орынды деп ойлаймыз. Өйткені көркем әдеби бейне табиғатында әдебиетке тән барлық сыр-сипат, қалір-қасиет бар. Әдеби бейне – ұлт әдебиетімен бірге жасасып келе жатқан тарихи категория. Әдеби бейнелер тарихы, сондықтан сол әдебиеттің де тарихы болады. Әдеби бейне өмірі әдебиеттің ішкі мазмұнын, тыныс-тіршілігін құрайды. Міне, осылардың барлығы қазақ өлеңінің ұлттық сипатын әдеби бейнелер жүйесінен іздеуімізге негіз қалады», – деп толымды тұжырым жасап, жаңаша көзқарасқа жол ашты. Бұл кітап бірқатар ізденушінің бағыт-бағдарын түзеуіне септігін тигізді деп ойлаймыз. Жаңалығы жеткілікті, жазылуы жатық монография әлі күнге дейін ғылыми айналымда жүр деп сеніммен айтуға болады.

Өзін әдебиет теоретигі ретінде жан-жақты қырынан таныта білген Бағдат ағамыз әдебиеттанудың бірқатар саласына олжа салды. Алдымен, әлемдік әдебиеттану үдерісіндегі жаңалықтарды санаға сіңіріп отырды. Жалпы адамзатқа ортақ үлгілі үрдістен шет қаламауға тырысты. Ізденістерін де соған бейімдеп, соны соқпақ салды. Екіншіден, Сыр сүйелерінің шетсіз-шексіз мұрасын қажымай-талмай зерттеушілердің қатарына қосылды. Соның ішінде әйгілі жыр жүйірігі Базар Оңдасұлының шығармаларын жеріне жеткізе талдап-таразылады. Өлең өрісіндегі орны бөлек Базар жыраудың толғау-термелеріне өзгеше көзқараспен зер салды. Үшіншіден, арғы-бергі әлеуетті әдебиеттанушылар мен қарымды қаламгерлердің шығармашылық портретін кейіптеді. Бұл тұрғыдан алғанда, жаттандылықтан аулақ болып, өзіндік жол табуға ұмтылды. Төртіншіден, өзіне ұнаған әдеби немесе ғылыми еңбектерді ерінбей-жалықпай оқып, мазмұнды мақалалар жазды. Әсіресе, жаңа кітап авторларына тілестік танытты. Бесіншіден, үнемі жас буынға қолдау көрсетті. Олардың ғылыми шығармашылығы жөнінде ұдайы пікір айтып, қанаттандырып отырды. Осының бәріне уақытын жеткізді.

Бағдат Кәрібозұлының «Қайран сөз», «Беталыс», «Өркеніетке өріс», «Ынсап», «Ырыс», «Ыждағат» және

басқа кітаптары – өз оқырманын тапқан дүниелер. Әсіресе мына кейінгі үш кітабының атауына назар аударыңызшы. Ынсап. Ырыс. Ыждағат. Бұл – автордың өмірлік ұстанымы секілді ұлағатты ұғымдар. «Ынсабың берік, ыждағатың мол болса, ырысқа кенелесің» дегенге саяды. Бұл басылымдардың ортақ тақырыбы «Адам – ғылым – қоғам» немесе «Ғалым – ғылым – ғибрат» деген мәселелердің төңірегінде тоғнасады. Ол жеке адам туралы қалам тербесе де, белгілі мәселені қаузаға да, оқылатындай етіп жазады. Яғни, іске кірісерден бұрын оқырманын ойлап отырады.

Бағдат ағамыздың ғылым жолында қолына тиген құндылықтары мен жәдігерліктері жетіп артылады. Оның әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Өрбірінші сыртында белгілі бір тұғырлы тұлғаның сұлбасы тұр. Соның біріне қатысты ой өрбітелік.

Былтыр ол кісінің Астанадағы үйінде болдық. Әдебиеттануға ат қосқан бірер інісі бас қосқанбыз. Солден соң ардақты ағамыз әрқайсысымызға арнайы сый бермек ниеті бар екенін аңғартты. Кезек бізге келгенде, арғы бөлмеден қырғыздың қадүлілігі ақ қалпағын алып шықты. Бұл ақ қалпақ Алатауға Ала-Тоодан келген дүние екен. О баста Қазақтың Қабдоловтына Адамзаттың Айтматовты сыйға тартыпты. Осынау кастерлі баскімнің Шоң Шыңғыстың қолына қалай түскені және Заңғар Зейноллаңың шаңырағында қанша уақыт сақталғаны жөнінде нақты мәліметіміз жоқ. Бізге белгілісі – алыттардың ақ қалпақты аялағаны, ірілігі мол інісінің айбары мол ағасына тарту екені.

Академик Зейнолла Қабдоловтың Алматыдағы пәтерінде аз-кем аялдаған ақ қалпақ көп ұзамай Сыр бойына көшеді. Дәлірек айтқанда, Зейнолла аға оны өзінің талантты шәкірті, ғибратты ғалым Бағдат Кәрібозовқа сыйлайды. Бағдат ағамыздың елу жасқа толған мерейтойы кезінде тапсырады.

Ақ қалпақты бақандай ол сегіз жыл сақтаған Бағдат ағамыз сол күні өз шаңырағында болған сәтімдізге бізге табыс етті. Мұны қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын зерттеп жүргенімізге деген құрметі деп ұғындық. Ұғындық та оның ағалық ыстық ықыласына жылындық. «Алыттардың рухы шат болсын! Бағдат ағамызға мықты денсаулық тілейміз! Қош келдің, ақ қалпақ!», – деп тілек айттық.

Сөйтіп, Бағдат ағамызды қай жағынан алғанда да, ұстазымыз Зейнолла Қабдоловқа ұқсатамыз. Сөйлеу мәнері де, жүріс-тұрысы да, іс-қимылы да Зекеңді көзге елестеді. Абай ағамның «Болмасқа да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсенің» деген кастерлі қағидасы тұрғысынан қарасақ, ширақ шәкірттің ұлағатты ұстаза барынша ұқсап баққаны анық. Сондай-ақ оны тек ұқсаған емес, болған шәкірті деп те бағалау керек шығар.

Бағдат Кәрібозұлының академик Зейнолла Қабдоловтың «Бүгін бітім» тұлғалық тұжырымдамасына толық сай келетін зиялы зерттеуші екеніне дау жоқ. Бұл анық енді...

Алыттар аялаған ақ қалпақтың бір тағыллымы – осы...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, КР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор



ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Агромеркәзіттік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының (12-12) тармақшасына, «Әсімдік шаруашылығы өнімін шығаратын мен сапасын арттыруды субсидиялау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздың №107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркелген №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімі А.ҚАУЫП ЕТЕІДІ:

1. Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормалары осы қаулымен бекітіледі.

2. Осы қаулымен орнатылған бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орнына берілген.

3. Осы қаулымен алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қол қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Найбаев**

2026 жылғы «...» №... Қызылорда облысы әкімінің осы қаулына қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормалары

№	Субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) атауы	Өлшем бірлігі	Субсидиялар нормасы, теңге
1	Bava ProBioAg, с.к.	литр	8 240,00
2	Валт-Дорвик, с.к.	литр	7 500,00
3	EVAPLUS, с.к.	литр	6 900,00
4	ЛВРО, э.к.	литр	4 362,50
5	АБАКУС УЛЬТРА, сусенгия аммульсиясы	литр	3 750,00
6	АБЛАОН 1,8% аммульсиялар концентрат	литр	4 000,00
7	АБРИС 25% аммульсиялар концентрат	литр	3 900,00
8	АБИТЕНДУМ, сусенгия аммульсиясы	литр	1 650,00
9	АБАКУС 10, с.к.	литр	4 464,50
10	АВАН АРЛ, э.к.	литр	3 000,00
11	АВАНТ, аммульсиялар концентрат	литр	11 000,00
12	АВАНТ 35% э.к.	литр	4 100,00
13	АВЕДИН СУПЕР 12% аммульсиялар концентрат	литр	7 812,50
14	АГРАСА (АГ) сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 000,00
15	АГРИ ПЛОС 300, с.у.	килограмм	23 919,00
16	АГРИС, сусенгия концентраты	литр	9 800,00
17	АГРОН, сулы ерітінді	литр	3 554,50
18	АГРОН АРЛ, сулы ерітінді концентрат	литр	4 000,00
19	АГРУРА 10% сулы концентрат	литр	2 500,00
20	АДАЛТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 048,00
21	АДАВАНС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	13 750,00
22	АДОРС, сусенгия концентраты	литр	2 481,15
23	АЙКОН, аммульсиялар концентрат	литр	4 485,00
24	АТРИБУМ, с.у.	килограмм	5 000,00
25	АКРОМ 3,6% аммульсиялар концентрат	литр	2 385,00
26	АККОРАТ, э.к.	литр	3 385,00
27	АКРАМ 48%, с.к.	литр	6 473,00
28	АКЦИД 045, аммульсиялар концентрат	литр	8 803,50
29	АКЦИД 045, аммульсиялар концентрат	литр	8 803,50
30	АЛ АРИТ, э.к.	литр	2 500,00
31	**АЛИОН, аммульсиялар концентрат	литр	4 112,00
32	АЛЛАТ, қырақ ағнады сусенгия концентраты	килограмм	4 200,00
33	АКШОН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	27 500,00
34	АЛТАИР, с.к.	литр	1 344,00
35	АЛЬВЕРДЕ, сусенгия концентраты	литр	10 152,00
36	АЛЬТО СУПЕР 330, аммульсиялар концентрат	литр	4 464,50
37	АЛЬФАПАЛАН, с.к.	литр	3 600,00
38	АЛЬФА С УПЕР 33%, э.к.	литр	4 464,50
39	АЛЬФАЭН, с.к.	литр	2 885,00
40	АМАДЖУС, аммульсиялар концентрат	литр	3 800,00
41	АМЕТИС, э.к.	литр	4 332,50
42	АМАК, майлы дисперсия	литр	6 600,00
43	АМИНСЕРИ, сулы ерітінді	литр	1 551,73
44	АМИРА, аммульсиялар концентрат	литр	3 500,00
45	АМИРА ЭКСТРА 280, сусенгия концентраты	литр	4 332,50
46	АМИЛИНО 15, майлы сусенгия концентраты	литр	5 580,50
47	АНИМА, с.к.	литр	5 580,50
48	АНИМА, с.к.	литр	5 580,50
49	АПОЛВАТОР, э.к.	литр	8 803,50
50	АРБАЛЕТ, 60% сулыатан ұнтақ	килограмм	5 048,00
51	АРИ АМАК, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 000,00
52	АРИ АМАК, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	5 000,00
53	АРНА, аммульсиялар концентрат	литр	3 500,00
54	АРИЛОК, э.к.	литр	4 400,00
55	АРМАН СУПЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	15 500,00
56	АРИН, с.к.	литр	7 241,38
57	АРИФ, с.к.	литр	5 535,00
58	АРИФ, с.к.	литр	5 535,00
59	АССОЮТА, м.к.	литр	3 232,76
60	АССОЮТА м.к.	литр	1 950,00
61	АССОЮТА ПРАЙМ, майлы концентрат	литр	1 950,00
62	АС ЭПРИКС, сусенгия аммульсиясы	килограмм	1 650,00
63	АССОЮТА П, с.к.	литр	1 758,62
64	***АХИДЛЕС, аммульсиялар концентрат	литр	1 680,00
65	АШЕТАЛ, сулы-дисперсті концентрат	литр	6 760,90
66	БАГИС ЭКСТРА 120, аммульсиялар концентрат	литр	5 477,00
67	БАИРА, м.к.	литр	4 655,17
68	БАИРА СУПЕР 100, аммульсиялар концентрат	литр	3 000,00
69	БАЗУКА, сулы ерітінді	литр	1 350,00
70	БАИСАТ 540, с.к.	литр	2 200,00
71	БАЙТАЛ, с.к.	литр	8 275,86
72	БАЙТОРС, сулы-сусенгия концентраты	литр	4 250,00
73	БАКЛЕР, микромульсиялы концентрат	литр	11 767,00
74	БАКСИТА 32, майлы дисперсия	литр	12 320,00
75	БАЛЕНА СУПЕР 2, сусенгия аммульсиясы	литр	1 650,00
76	БАЛЕРИНА, сусенгия аммульсиясы	литр	1 650,00
77	БАЛЕРИНА ФОРТЕ, сусенгия аммульсиясы	литр	4 224,00
78	БАЛНИ, м.к.	литр	8 060,50
79	БАЙША, аммульсиялар концентрат	литр	6 900,00
80	БАРИН, аммульсиялар концентрат	литр	3 650,00
81	БАРОН 750, с.д.т.	килограмм	5 000,00
82	БАРИС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 000,00
83	БАРС СУПЕР 10%, аммульсиялар концентрат	литр	3 000,00
84	БАС ТА, 15% сулы ерітінді	литр	3 617,90
85	БАСИДАТОР, с.к.	литр	91 857,50
86	БЕЛЛАТОР, с.к.	литр	9 089,29
87	БЕЛИНСИМО ЛАЙТ, аммульсиялар концентраты	литр	4 836,21
88	БЕЛИНСИМО М.Э.2	литр	5 818,97
89	БЕЛТ, сусенгия концентраты	литр	40 150,00
90	БЕНАРО, сулы ерітінді	литр	2 860,00
91	БЕНАРО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	2 860,00
92	БЕНЕВИЯ, майлы дисперсия	литр	55 700,00
93	БЕНИТО, қолайды ерітінді концентраты	литр	6 211,80
94	БЕНТАСЕНД, сулы ерітінді	литр	2 860,00
95	БЕНТАСЕНД, сулы ерітінді	литр	2 860,00
96	БЕСКАР, с.к.	литр	11 896,55
97	БЕСТУАКТА, сусенгия концентраты	литр	4 200,00
98	БЕТА ТАРАДИ, аммульсиялар концентрат	литр	3 900,00
99	БЕТАГАН 22, май, э.к.	литр	5 750,00
100	БЕТАГАН СУПЕР МД, майлы аммульсиялар концентраты	литр	4 500,00
101	БЕЛАНТИС ТРИО, аммульсиялар концентрат	литр	3 900,00
102	БЫ-88 ТЮП, аммульсиялар концентрат	литр	2 758,50
103	БЫАТ ЛОН, зауыттық биаралық қалтама	килограмм	2 551,73
104	БЫНГО, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	4 200,00
105	БЫНО, э.к.	литр	3 050,00
106	Бывалон Супер, с.к.	литр	2 500,00
107	БЫСОН, майлы дисперсия	литр	7 000,00
108	Бывалон Плюс 175, с.к.	литр	2 500,00
109	БЫНЕС 22, аммульсиялар концентрат	литр	4 439,50
110	БЫНЕС 200, майлы аммульсиялар концентрат	литр	6 077,50
111	БЫНЕСІ ГАРАНТ, аммульсиялар концентрат	литр	3 900,00
112	БЮКЕСЕР 500, аммульсиялар концентрат	литр	3 875,00
113	БЮКЕСЕР 500, аммульсиялар концентрат	литр	3 875,00
114	БОМБА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	43 017,00
115	БОМБАРДИР 220, с.к.	литр	5 400,00
116	БОРЕН НЕО, сусенгия концентраты	литр	7 000,00
117	БОРИС, сусенгия концентраты	литр	3 800,00
118	БОС ФОР, э.к.	литр	4 250,00
119	БОТАКАН ТЮП, аммульсиялар концентрат	литр	3 000,00
120	БОТАКАН СУПЕР, аммульсиялар концентраты	литр	4 362,50
121	БРАВО 500, сусенгия концентраты	литр	3 924,50
122	БРЕНК, микромульсия	литр	2 610,00
123	БРЕНТ, сусенгия концентраты	литр	2 495,00
124	БРОДАК, аммульсиялар концентрат	литр	2 545,00
125	БРЭМБО, аммульсиялар концентрат	литр	2 068,97
126	Бульбат, э.к.	литр	3 900,00
127	БУРАН ЭКСТРА 75% сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	2 750,00
128	БВАСАГ ЛИФ, сулы ерітінді	литр	1 650,00
129	БВАСАМИН, 72% сулы ерітінді	литр	1 551,73
130	ВАНТАКОР, с.к.	литр	103 950,00
131	ВАНТИС, м.к.с.	литр	8 339,50
132	ВАНИТОР, э.к.	литр	3 250,00
133	ВАРАНА, сулы концентрат	литр	3 600,00
134	ВАРРО, сусенгия концентраты	литр	8 275,86
135	ВАРЯН, аммульсиялар концентрат	литр	3 250,00
136	ВАРИС, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	12 931,04
137	ВЕЛОСИТ ПАУЭР сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	15 330,50
138	ВЕЛОСИТ СУПЕР, аммульсиялар концентраты	литр	7 223,50
139	ВЕРМАКР, сусенгия концентраты	литр	104 500,00
140	ВЕРСУС ЛЮК, с.к.	литр	7 758,62
141	ВЕРТИМЕС 018, аммульсиялар концентрат	литр	4 000,00
142	ВЕРТИМЕС ИКС, с.к.	литр	4 250,00
143	ВИВАТ 48%, с.е.	литр	2 310,00
144	ВИМАСТЕР 480 сулы ерітінді	литр	1 463,00
145	ВИЛАН СУПЕР, 10% аммульсиялар концентрат	литр	1 400,00
146	ВИНКА ХЛОРАНТИВНИИРОЛ, с.к.	литр	2 394,00
147	ВИРТ ЭНТО 400, с.к.	литр	4 750,00
148	ВИТЭН, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	90 959,50
149	ВОЛЬНИК, с.к.	литр	1 500,00
150	ВОЛЬНИК, с.к.	литр	1 500,00
151	ВОЛЬНИК, аммульсиялар концентрат	литр	5 750,00
152	ВОЛЬНИК, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	3 500,00
153	ЛВАВЕН ШЮК, майлы дисперсия	литр	4 200,00
154	ЛАНТАН, аммульсиялар концентрат	литр	2 500,00
155	ЛАНТАН, аммульсиялар концентрат	литр	12 112,00
156	ЛЮКОС СУПЕР 108, аммульсиялар концентрат	литр	2 860,00
157	ЛАЮШАНС, аммульсиялар концентрат	литр	2 860,00
158	ЛАМАН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	4 250,00
159	ЛАНИР, сусенгия концентраты	литр	2 495,00
160	ЛАНИМД, аммульсиялар концентрат	литр	5 025,00
161	ЛАНИМД, аммульсиялар концентрат	литр	2 495,00
162	ЛАНОТ ГОЛД 500, сусенгия аммульсиясы	литр	2 678,50
163	ЛАРИУН, сусенгия концентраты	литр	5 535,00
164	ЛАРИУН СУПЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 000,00
165	ЛАРИУН СУПЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	2 500,00
166	ЛЕВОН ПРАЙМ, с.к.	литр	12 155,17

167	ЛЕЗА АРЛ 500, сусенгия концентраты	литр	2 495,00
168	ЛЕЗА ИКС, с.к.	литр	2 495,00
169	ЛЕЗАТРИН 500, с.к.	литр	2 495,00
170	ЛЕВЕР, қолайды ерітінді концентраты	литр	9 277,27
171	ЛЕНСИС 805, аммульсиялар концентрат	литр	3 344,00
172	ЛЕПИДА, э.к.	литр	11 000,00
173	ЛЕПАЛД, аммульсиялар концентрат	литр	4 991,00
174	ЛЕПТО, сулы-дисперсті концентрат	килограмм	9 860,00
175	ЛЕРБАСТАР, с.д.	литр	2 000,00
176	ЛЕРИКС, в.к.	литр	2 000,00
177	ЛЕРИКС, сулы ерітінді концентрат	литр	2 000,00
178	ЛЕРИКОС, сулы ерітінді концентрат	литр	2 198,50
179	ЛЕРМСКО 300, сулы ерітінді	литр	3 554,50
180	ЛЕРМС ТРАДИ, аммульсиялар концентрат	литр	10 500,00
181	ЛЕРМСКО, сулы ерітінді концентраты	литр	2 000,00
182	ЛЕДНАТОР, 4% аммульсиялар концентрат	литр	2 250,00
183	ЛЕИФАТ 540, сулы ерітінді	литр	1 350,00
184	ЛЕИФАТ ФОРТЕ 757, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	1 664,00
185	ЛЕНФОР ФОРТЕ, с.е.	литр	1 350,00
186	ЛЕРИКОС ГОЛД, сулы ерітінді	литр	3 000,00
187	ЛЕРИКОС ГОЛД, сулы ерітінді	литр	3 500,00
188	ЛЕОАТ, э.к.	литр	2 250,00
189	ЛЕОАТ 480, сусенгия концентраты	литр	9 233,65
190	ЛОД ТРАДИ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	3 000,00
191	ЛОД ТРАДИ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	9 233,50
192	ЛОРИОН сулы ерітінді концентрат	литр	11 336,00
193	ЛОРИОН 080 БФ, э.к.	литр	3 250,00
194	ЛОРИОН 080, аммульсиялар концентрат	литр	2 143,00
195	ЛОРИОН, аммульсиялар концентрат	литр	2 900,00
196	ЛОРАТ, с.д.т.	килограмм	5 000,00
197	ЛОРАФЕР, э.к.	литр	2 395,00
198	ЛОРАТ ЭКСТРА 540, сулы ерітінді	литр	3 500,00
199	ЛОРАТ СУПЕР, сулы ерітінді концентрат	литр	5 000,00
200	Лоран-прл, с.д.т.	килограмм	5 000,00
201	ПРАНСТАР МЕГА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	37 053,50
202	ПРАНСТАР ПРЮ сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 000,00
203	ПРАСИДМ, э.к.	литр	2 284,50
204	ПРАСО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	15 000,00
205	ПРАП ПРЭМУМ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	15 500,00
206	ПРЕПЕР, сулы-гликоль ерітіндісі	литр	9 089,29
207	ПРЕПЕР 60% сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 048,00
208	ПРЕПЕР ЭКСТРА 2-А, э.к.	литр	1 551,73
209	ПРЕПЕР ЭФЕР, аммульсиялар концентрат	литр	1 344,00
210	ПРИНСТАР ГОЛД, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	5 000,00
211	ПРИНСТАР, с.д.т.	килограмм	5 000,00
212	ПУДЛИВЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	9 821,43
213	ПУНСЛО ПРЭ, э.к.	литр	2 610,00
214	ПУНСЛО ПРЭ, сулы ерітінді	литр	1 463,00
215	ДАМБА, сулы ерітінді	литр	2 310,00
216	ДАНАДИМ ПАУЕР, аммульсиялар концентраты	литр	4 419,50
217	ДАНАДИМ ЭКСПЕРТ, аммульсиялар концентраты	литр	2 758,50
218	ДА-АРМОН-ЭФЕР, 72% аммульсиялар концентраты	литр	1

«ENBEK HUB - QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары және «Жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері» жәрменкелеріне қатысуға шақыру туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Күрметті, қызылордалықтар!

Сіздерді Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай және Ұлытау облыстарының делегациясы мен жергілікті жұмыс берушілердің қатысуымен өтетін «ENBEK HUB - QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары және «Жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері» жәрменкелеріне қатысуға шақырамыз. Жәрменкеде Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай және Ұлытау облыстарынан білім беру, денсаулық сақтау, медицина, құрылыс, өнеркәсіп,

ауыл шаруашылығы және өзге де салалар бойынша барлығы 9984 бос жұмыс орны ұсынылатын болады. Сонымен қатар, жергілікті жұмыс берушілер тарапынан 318 бос жұмыс орны қолжетімді. Жалпы жәрменке аясында 10302 бос жұмыс орны ұсынылады. **Өтетін орны:** «Сыр болашағы» құзыреттілік орталығы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №16 ғимарат. **Өтетін уақыты:** 2026 жылғы 29 сәуір, сағат 11:00. **Ұйымдастырушы:** Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

Қоғамдық тыңдаулар

04.06.2026 ж. сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл а.о., Сексеуіл а., Толыбай батыр көшесі, 80 мекен-жайындағы әкімдік ғимаратында «Ұлытау және Қызылорда облыстарындағы Қызылжар-Сексеуіл учаскесінде автобұғаттау жүйесін «толық аяқталған» салу кезінде пайдаланылатын Қызылорда облысы Арал ауданында орналасқан №1 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHn0TG.1> Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334. Мекен-жайы: Ақмола облысы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Карасай ауданы, Қаскелең к., Көшек батыр к-сі, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 87242605362, 605369. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекен-жайы prd@korda.gov.kz бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

Общественные слушания

04.06.2026 г. в 11:00 часов по адресу: Кызылординская область, Аральский район, Саксаульский с.о., с. Саксаульский, в здании акимата по адресу: улица Толыбай батыр, 80 проводится общественные слушания методом открытого собрания по «Рабочему проекту рекультивации земель, нарушенных при добыче общераспространенных полезных ископаемых на участке №1, расположенном в Аральском районе Кызылординской области, используемых при строительстве «под ключ» автоблокировки на участке Кызылжар-Саксаульская, Улытауской и Кызылординской областей».

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHn0TG.1> Идентификатор конференции: 677 493 52 75

Код доступа: YZ1mBb

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334. Адрес: Ақмола облысы, Астана қаласы, район «Есіл», улица Дінмұхамед Қонаев 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматынская область, Карасайский район, г. Каскелең, ул. Кошек батыра, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», тел.: 87242605362, 605369. Официальный интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> и электронный адрес prd@korda.gov.kz по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) I литрине (килограммына, граммына, дамына) арналған субсидиялар нормалары

834. ЭМИТИ, суспензия концентраты	литр	9 827,59
835. ЭЛДИМИОН, эмульгирленген концентрат	литр	1 750,00
836. ЭЛЖИ ИКС, к.с.	литр	7 500,00
837. ЭЛЖИО 24, суспензия концентраты	литр	4 013,00
838. Элжико Top 325, суспензия концентраты	литр	8 600,50
839. ЭРЛИКОН, эмульгирленген концентрат	литр	3 392,86
840. ЭРЛИНТ, суспензия эмульсиясы	литр	2 578,50
841. ЭСКУИД сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	72 886,00
842. ЭСПАДА 350, суспензия концентраты	литр	13 750,00
843. ЭСТАМИ, э.к.	литр	2 500,00
844. ЭСТЕР ПИМА, суспензия эмульсиясы	литр	1 650,00
845. ЭСТЕР СУПЕР, эмульгирленген концентрат	литр	1 344,00
846. ЭСТЕГ, эмульгирленген концентрат	литр	1 470,00
847. ЭСТОК, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	64 526,00
848. ЭСХИД, с.т.р.	литр	4 250,00
849. ЭТИНГЕСУЛАМ-Л, суспензия эмульсиясы	литр	5 100,00
850. ЭФЕРОН-ОЛД, эмульгирленген концентрат	литр	1 640,00
851. ЭФЕС, эмульгирленген концентрат	литр	2 284,50
852. ЭФИР 980, эмульгирленген концентрат	литр	1 850,00
853. ЭФИРАС, эмульгирленген концентрат	литр	1 344,00
854. ЭФИР КОРСО, эмульгирлемей концентрат	литр	1 640,00
855. ЭФФЕКТ, эмульгирленген концентрат	литр	1 640,00
856. ЭФФЕКТО, суспензия концентраты	литр	5 040,00
857. ЭФФЕКТО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	11 160,50
858. АГАМАТАН, э.к.	литр	9 240,00
859. АПИС, майлы дисперсия	литр	9 240,00
860. Бента Форте, с.с.	литр	3 432,00
861. Бурина м.д.	литр	6 666,60
862. ВИРТУОЗ сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	11 832,00
863. ГАЛЛАНТИЙ, 75% с.т.с	килограмм	6 000,00
864. ГАРАМОНИЯ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	24 000,00
865. ГОД, эмульгирленген концентрат	литр	5 100,00
866. ГОРЕЦ, с.с.	литр	15 600,00
867. ГРАМИ СУПЕР, эмульгирленген концентрат	литр	3 600,00
868. ДАИ ОН, эмульгирленген концентрат	литр	2 741,40
869. Даламан, м.д.	литр	7 500,00
870. ДИОНИС, суспензия концентраты	литр	5 700,00
871. ДИУРОН, суспензия концентраты	литр	6 642,00
872. ДОАЛ, эмульгирленген концентрат	литр	3 600,00
873. ДОС ТЫК, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	3 280,00
874. ДУАЛ ПРОТЕКТ, эмульгирленген концентрат	литр	4 021,80
875. ЗАРЯ, суспензия концентраты	литр	4 560,00
876. ЗЕНИГ, коллоидты ерітінді концентраты	литр	2 220,00
877. ИНСЕКТА, суспензия концентраты	литр	4 821,60
878. КАРАБОР, м.д.к.	литр	5 400,00
879. КАРАВАН, с.к.	литр	5 700,00
880. КАТРАНАТИР, э.к.	литр	4 800,00
881. КВИН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	27 000,00
882. КЕРУЕЙ, м.с.к.	литр	6 696,60
883. КЛАСТРО, э.к.	литр	5 520,00
884. КЮРИЯ, сулы концентрат	литр	4 520,00
885. КОРЕНТ, эмульгирленген концентрат	литр	3 131,40
886. ЛЕГОМИН 4% сулы ерітінді	литр	3 600,00
887. ЛИНКОР, суспензия концентраты	литр	7 500,00
888. ЛИТРИН, эмульгирленген концентрат	литр	2 016,00
889. МЕМ, э.к.	литр	2 280,00
890. МЕТСУМЕТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 057,60
891. МЭЛЖИК, эмульгирленген концентрат	литр	2 871,60
892. ОВСЮГЕН СУПЕР, эмульгирленген концентрат	литр	6 982,76
893. ОВКОТЕН ЭКСТРА, эмульгирленген концентрат	литр	10 231,20
894. ОЛИВЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	11 785,72
895. ОЛРАТ ЭКСТРА, э.к.	литр	4 680,00
896. ПРИМАЦИОННА, суспензия концентраты	литр	4 264,28
897. ПРОИКОН, эмульгирленген концентрат	литр	4 680,00
898. РАДУГА, м.д.	литр	4 800,00
899. РАСТ, суспензия эмульсиясы	литр	4 500,00
900. Регион Экстрем, с.с.	литр	2 280,00
901. САНИН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 000,00
902. СМЕРЧ, сулы ерітінді	литр	1 620,00
903. СВЕРТ ЭКСТРА, сулы ерітінді	литр	1 620,00
904. СТОП 33%, эмульгирленген концентрат	литр	2 000,00
905. ПЕРРА, 4% эмульгирленген концентрат	литр	2 700,00
906. ТИРАКС ДУО, суспензия концентраты	литр	8 280,00
907. ПИАН, в.к.	литр	3 000,00
908. ПИЛУ ДУО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	4 021,80
909. ПИТУЛ ТРИО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	9 000,00
910. ТОНАРА, сулы ерітінді	литр	2 280,00
911. ПЕНТ, с.с.	килограмм	36 000,00
912. ПИАС ГИН, э.к.	литр	5 586,20
913. ФЛЭКС ЭКСПЕРТ, эмульгирленген концентрат	литр	5 100,00
914. ХАЗИ, 60 % сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 057,60
915. ЦЕНТУРИОН, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	3 900,00
916. Элемейя, с.с.к.	литр	3 600,00
917. ЭЛЕПЕРО, суспензия концентраты	литр	13 339,28
918. ЭПИРИМЕНТИУМ, суспензия эмульсиясы	литр	1 980,00
919. ЭФИР ЭКСТРА 905, эмульгирленген концентрат	литр	1 612,80
920. ЯУАР, сулы-дисперсті түйіршіктер	литр	3 000,00
921. ЯКОБАУРИН, с.у.	литр	400,00
922. ВАЦИЛАНТ, а.п.с.	литр	5648
923. КИЛПАТ Г	литр	2790,68
924. ФИТОЛАВИН, сулы ерітінді концентрат	литр	3285,608

Ескертпе:
* қос мақсаттағы мемлекеттік тіркеуі бар, гербицид және десикант ретінде пайдаланылатын препараттар;
** қос мақсаттағы мемлекеттік тіркеуі бар, инсекцид және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қойма жайларындағы қорлардың зиянкестеріне қарсы қолдануға рұқсат етілген препараттар ретінде пайдаланылатын препараттар;
*** қос мақсаттағы мемлекеттік тіркеуі бар, инсекцид және нан өнімдері жүйесіндеді инсекцидтардың қорлардың зиянкестеріне қарсы қолдануға рұқсат етілген препараттар ретінде пайдаланылатын препараттар;
**** қос мақсаттағы мемлекеттік тіркеуі бар, инсекцид және фунгицид ретінде пайдаланылатын препараттар;
***** қос мақсаттағы мемлекеттік тіркеуі бар, инсекцид және еңгес алдындағы өңдеуге арналған препарат ретінде пайдаланылатын препараттар.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұжымы бөлім меңгерушісі Токтамасы Асет Мырзаханұлына інісі **Ғарифулла Мырзаханұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

«Birlis Group» ЖШС барлық мүдделі тұлғаларға 05.05.2026 ж. бастап 5 жұмыс күніне дейін бірінші экологиялық порталда «Birlis Group» ЖШС үшін Қызылорда облысының Шнелі және Жанакорған аудандарында 5 блок шекарасында 23.09.2025 жылғы № 3640-ЕЛ лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау басталатынын хабарлайды.

Қоғамдық талқылау сайты: <https://ndbecology.gov.kz/>. Барлық ақпарат үшін +77472210501; birlisgroup@gmail.com хабарласуға болады.

Объявление

ТОО «Birlis Group» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 05.05.2026 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале начнется публичное обсуждение по Разделу «Охрана окружающей среды» (ООС) к Плану разведки твердых полезных ископаемых по лицензии №3640-ЕЛ от 23.09.2025 года в границах 5 блоков в Шнелийском и Жанакорганском районах Кызылординской области для ТОО «Birlis Group».

Сайт публичного обсуждения: <https://ndbecology.gov.kz/> За информацией обращаться: +77472210501; birlisgroup@gmail.com

Хабарландыру

«Аққум Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларына «КазАгроФинанс» АҚ-ның ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беруден бас тартуына байланысты, жалпы жиналысты өткізуді қажеттілігі жойылды. Осыған орай, «Аққум Жер» ЖШС-ның 2026 жылғы 27 сәуірде сағат 10:00-ге жоспарланған жалпы жиналыстың өткізілмейтінін хабарлайды.

«Аққум Жер» ЖШС әкімшілігі

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2026 жылдың 21 наурызында қайтыс болған азамат Омаров Мурат Калкозовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаяв көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Хабарландыру

«Seven Rivers Technologies» ЖШС 2026 жылғы 09 маусымда сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 12, «Бастау» бизнес орталығы, 2-кабат, 40 адамға арналған мәжіліс-залында қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды: «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шыны сынығы түрінде қайта өңдеу (таулігіне жылына 240 миллион дана шыны ыдыс ондуру (таулігіне 280 тонна шыны массасы) зауытының Қызылорда облысында салу) жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Зауыттың жер учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары:
1-нүкте – 44В°53'35.98", 65В°25'24.10"
2-нүкте – 44В°53'47.26", 65В°25'40.28"
3-нүкте – 44В°54'17.32", 65В°25'40.15"
4-нүкте – 44В°54'25.84", 65В°25'42.20"
5-нүкте – 44В°54'24.92", 65В°25'51.18"
6-нүкте – 44В°54'22.94", 65В°26'0.25"
7-нүкте – 44В°54'17.26", 65В°26'8.49"
8-нүкте – 44В°54'11.47", 65В°26'15.66"
9-нүкте – 44В°54'5.36", 65В°26'27.58"
10-нүкте – 44В°53'59.84", 65В°26'17.17"
11-нүкте – 44В°53'53.00", 65В°25'58.03"
12-нүкте – 44В°53'41.01", 65В°25'42.25".
Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Титов шағын ауданы, «Өндіріс» индустриялық аймағы.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/87410419539?pwd=00c8ZAVvmyYsOChXWC8phuV8U51Ad.1> Конференция идентификаторы: 874 1041 9539. Қосылу коды: 280814.
Өзіндік берге жеке басын құландыратын құжат болуы қажет. Қатысушылардың кешімі бойынша ашық жиналыстың өткізуді мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.
Жоспарланған отыраған қызметтің бастамашысы – «Seven Rivers Technologies» ЖШС, ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, 110-үй, т.б. 4а, пошта индексі 120000, БИН 030540007753. Тел.: +7 777 700 7700, info@sevenrivers.tech.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінен 2026 жылғы 21сәуір айындағы №16-НҚ бұйрығымен ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 14 ақпандағы №4-НҚ бұйрығына енгізілген өзгерістерге сәйкес ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру және тазарту қызметтері бойынша, 2026 жылдың 01 мамыр айынан бастап 2027 жылдың 30 сәуір айына дейінгі кезеңге енгізілетін жаңа тарифтер:

№ п/п	Қызмет/тұтынушы атаулары	Өлшем бірлігі	ҚКК-сыз тарифі	ҚКК-мен тарифі (16%)
1	2	3	4	5
I	Суды таратушы желілер арқылы беру			
	Орташа тариф	тенге/м³	110,62	128,32
	оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:			
	Жеке тұлғалар	тенге/м³	69,42	80,53
I	Жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар	тенге/м³	69,42	80,53
	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар	тенге/м³	257,04	298,17
	Өзге тұтынушылар	тенге/м³	257,04	298,17
I	Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі			
	Орташа тариф	тенге/м³	151,38	175,60
II	оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:			
	Халыққа	тенге/м³	67,39	78,17
	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	тенге/м³	124,72	144,68
	Бюджеттік мекемелерге	тенге/м³	276,37	320,59
	Тұтынушылардың басқа топтарына	тенге/м³	276,37	320,59

«Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтеріне салқын суды есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін төлемақы 2026 жылдың 01 мамыр айынан бастап 2027 жылдың 30 сәуір айына дейінгі кезеңге енгізілетін жаңа тарифтер:

№ п/п	Тұтыну сипаты	Өлшем бірлігі	Тар
-------	---------------	---------------	-----

/// ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

Рухани қазына ордасы



Мемлекет басшысының бастамасымен биылдан бастап күнтізбеге 23 сәуір – Ұлттық кітап және кітапханашылар күні мерекесі енгізілді. Себебі, бұл ЮНЕСКО бекіткен Халықаралық кітап және авторлық құқық күнімен сәйкес келеді. Атаулы мереке Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада ауқымды мәдени-көпшілік іс-шара ретінде аталып өтті.

Мерекелік жиында облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов өңірдегі барша кітапхана қызметкерлеріне құттықтау лебізін білдіріп, еңбегімен ел ықыласына бөленіп жүрген сала мамандарына «Мәдениет саласының үздігі», «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгілерін, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын, сондай-ақ мәдениет басқармасы, салалық кәсіподақ тарапынан түрлі марапаттар табыстады.

Оқырмандар атынан қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Сәпен Ансатов сөз сөйлеп, кітап оқудың қарапайым мәдениетті жайлы айтты, кітапханашы қауымға ықыласын білдірді.

Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейтова оқырмандар үшін кітап оқумен бірге, авторлармен байланыс орнатудың маңызы зор екенін атап өтті.

Жалпы 16-23 сәуір аралығында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап – білім бастауы» тақырыбында апталық өткізілді. Талғамы биік оқырман үшін алта бойы «Күш – білімде, білім – кітапта» атты студенттер арасында интеллектуалды сайыс, «Дара тұлғаның дара жолы» оқырманмен сыр-сұхбат, «Ұлттық өнер – ұрпаққа аманат» атты ақын, «Күміс домбыра» иегері Бексұлтан Орынбасаровпен кездесу, «Кітап. Тарих. Шежіре» деп аталатын сирек және құнды кітаптар көрмесі, «Кітап ал!» тақырыбында келушілерге кітап сыйлау акциясы,

«Қош келдің көктем!» тақырыбымен табиғат аясындағы плэнэр және «Кітапханадағы түн-2026» акциясы ұйымдастырылды. Апталық жоғарыда айтып өткеніміздей, 23 сәуір күні «Кітапхана – рухани қазына ордасы» атты мерекелік шарамен қорытындыланды.

Айталық, облыстық, қала, аудан кітапханалары өз жетістіктерін, озық жұмыс тәжірибелерін дәріптейтін көрмелер ұйымдастырды. Онда оқырман талғамын танып-білуге, сондай-ақ жастардың сұранысына сай олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған түрлі ақпараттық көрнекіліктер көпшілік назарына ұсынылды. Бұдан бөлек, танымал авторлардың кітаптарын сатып алуға да мүмкіндік жасалды. Ұлттық ерекшелікке басымдық беріліп, жасөспірімдердің көңелер бұйымдары насихатталды.

Кітап оқу мен әдеби мәдениетті дамытудың маңыздылығын айқындайтын мереке «Кітап – ақылдың кілті» атты көрмеге, кейіпкерлер шеруіне, ақын М.Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына арналған «Мен поэзияны сүйемін» атты оқушылар арасында байқауға, «Ойпақ» колонер үйірмесінің жұмсақ ойыншықтар жасаудан шеберлік сабағына, «Жыр ғұмырдың жарық жұлдызы» тақырыбымен ақын, Мемлекеттік сыйлығының иегері Исраил Сапарбайдың 85 жылдығына арналған ашық аспан астындағы оқулар, қызықты ойындар мен сайыстарға жалғасты.

Ғазиға ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ЖОЛАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБА

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі – Ұлттық кітап күні аясында «Кітап қала» атты «Әдеби автобус» жобасын жүзеге асырды. Қала тұрғындарына рухани азық сыйлауды мақсат еткен бұл игі шара көпшіліктің көңілінен шығып, мазмұнды әрі әсерлі өтті.

Танымдық мәні терең, дәйекті сөздер мен канатты тіркестер жазылған плакаттармен, түрлі-түсті шарлармен сәнді безендірілген №11 бағыттағы автобус жолаушыларға ерекше атмосфера сыйлады. Сапар барысында жолаушылар тек тыңдарман болып қана қоймай, кітап туралы өлең-жырларға қосылып, рухани кештің белсенді қатысушыларына айналды.

Сарқылмас қазына – кітапты ұлықтауға арналған шара қалалық кітапханалар жүйесінің қызметі туралы ақпарат беруден және кітап мерекесінің маңызын насихаттаудан бастау алды. Қатысушыларға кітаптың адамзат өміріндегі орны, оның тарихи-мәдени мәні жайлы тағылымды ойлар ұсынылып, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиеті кеңінен сөз болды.

Шара барысында кітапхана

оқырмандары қазақтың әсем әндерін нақышына келтіре орындап, жолаушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Іс-шара аясында кітапхананың тұрақты оқырмандары Инжу Сұлтанғали, Жанерке Ережелбай, Лияз Сұлтанғали, Бейбарыс Темір, Кәусар Берікқызы қазақ ақындарының жырларын мөнерлеп жатқа оқып, көрерменнің ықыласына бөленді. Сонымен қатар белсенді оқырмандар Рауан Айдарбек, Кәусар Таубақабай, Бибимариям Мұса, Нұрбақыт Бакбергел, Бақтияр Мирамбеков те өз өнерін ортаға салып, әдеби кештің ажарын аша түсті.

Жолаушыларға арналған викториналық ойындар шараның мазмұнын байыта түсті. Қатысушыларға қызықты әрі танымдық сұрақтар қойылып, тапқырлық танытқан оқырмандар түрлі сый-

лықтарға ие болды. Сонымен қатар халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандары – мақал-мәтелдер мен жұмбақтар кеңінен насихатталып, жолаушылар өз білімін ортаға салды.

«Әдеби автобус» жобасының басты мақсаты – заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында кітап оқуға деген қызығушылықтың бекетіне назар аударып, жастарды кітапқа қайта бет бұрғызу. Адамзат даналығының алтын кілті – кітап екенін, ал өркениетті қоғамның айқын көрсеткіші – кітапхана екенін ұғындыру арқылы оқырман мәдениетін қалыптастыру көзделді.

Жолаушылардың белсенділігі мен шынайы қызығушылығы шараның жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. «Кітап қала» әдеби автобусы – кітаптың мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте айқындап, қала тұрғындарының жүрегіне рухани шуақ сыйлаған тағылымды бастама болды.

/// МЕРЕЙ

АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙҒА БӨЛЕЙДІ

Қарапайым өмірде өзінің адами болмысымен, адал еңбегімен, отбасында аналық ақыл-парасатымен бақытқа бөленіп отырған жандар бар. Сондай жандардың бірі, бүгінде қазыналы қарттықтың бір белесіне шыққан Қалимаш Ерманова апамыз.

Қалимаш Саимқызы 1950 жылы Қармақшы ауданы, Жосалы қыстағында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң аудандық тұтынушылар одағында есепші болып жұмыс істейді. Иә, балалық шағынан бастап дәрігер болуды армандайтын. Бірақ ол арманына жетудің орайы келмеді. Алайда 1969 жылы Алматы зооветеринарлық институтына оқуға түсіп, оқу орнын мал дәрігері мамандығы бойынша бітірді.

Жас маман 1975-1978 жылдары туған жеріне келіп, ауданның ауыл шаруашылығы саласында еңбек жолын бастады. Алдымен мал дәрігері, кейін малдәрігерлік дәріхана менгерушісі болып қызмет етеді. Осы жылдары ол теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, мал шаруашылығына қатысты мәселелерді тереңірек тани бастады. Соның көрінісі болар, он жылға таяу облыстық ветеринария лабораториясында дәрігер-токсиколог қызметін абыроймен атқарды.

Осы жылдары көңілі қалаған жігітпен бас қосып, бір әулеттің үлкен шаңырағына келін болып түскен оның алдында тұрған жауапкершілік жүгі де жеңіл емес еді. Жолдасы Нұрмұрат екеуі орта мектепті бірге бітірді. Сондықтан олардың ойлары орайлас, арман-мақсаттары да ортақ болатын. Шаңырақтағы ата-аналарына адал қызмет етіп, ақ батасын алды. Жолдасының ізінен ерген бауырлары көп еді, олардың өмірден өз жолын табуына қолдау көрсетті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел іші экономикалық жағынан ауыр кезеңді басынан өткергені баршамызға белгілі. Ақ жаулықты аналардың ала дорба арқалап, қара қазан, сары баланың қамы үшін саудаға шығып кеткенін де көзіміз көрді. Шынын айтсақ, сол қиын-қыстау кезеңдегі әйел-аналардың батыл әрекеті әрбір шаңырақтың берекесін бұзбай сақтап қалды.

Осы жылдары заман талабына қарай шешім қабылдаған Қалимаш Саимқызы да жеке кәсіпкерлікке бет бұрып, жолдасы Нұрмұрат Ерманов құрған «Бабас» шаруа қожалығының құрылтайшысы болып, жұмысын бастаған. Шағын қожалық ұзақ жылдар бойы облыс көлемінде ауыл шаруашылығы саласының дамуына, оның ішінде, мал шаруашылығының өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Жеке кәсіпкер жүздеген түйе, жылқы асырап, төрт түлкінен төл өндіруге ісі ілгері озды.

Отыз жасында жол апатына ұшырап, тағдыр сынына душар болса да, қайта тұрып, қайнаған тіршілікке араласып, қоғамға қызмет еткен Нұрмұрат Ермановтың еңбегін ел-жұрты бағалады. Сондықтан болар, оған сенім артып, төрт дүркін облыстық мәслихат депутаттығына сайлады. Ел үмітін арқалаған азамат та аянып қалмады. Жеке кәсібін ұлғайтып, күрші өндірісімен шұғылданып, жиырмалан астам адамды жұмыспен қамтыды. Одан бөлек, депутат ретінде өңір тұрғындарының талап-тілегіне орай әлеуметтік-тұрмыстық түйткілдердің шешілуіне ықпал етті. Иә, еткен еңбек елеусіз қалған жоқ, облыс, мемлекет тарапынан лайықты бағаланды.

Кейіпкеріміз Қалимаш Ерманованың айтуынша, анасы ісмер кісі болған екен. Сондықтан жастайынан тігін өнерін үйреніп, колонерге бейім болды. Оңаша қалған сәттерінде ойына түрлі идеялар келіп, көңілін бөлетін. Осылайша 2003 жылдан бастап тігін өнеріне шындап кірісіп, шеберлігін шыңдай түсті. Көп ұзамай «Торғын» сән салоны-тігін



шеберханасын ашып, ұлттық өнерді насихаттауды алғашқылардың бірі болып қолға алған еді. Он бес жылға таяу тұрақты жұмыс істеген тігін шеберханасы өңірдегі өнер ұжымдарына, жеке әнші-бишілерге арнап костюмдер тігіп, көп жыл жемісті қызмет етті.

Айталық, сән салоны бірте-бірте ұмытыла бастаған ұлттық нақыштарды қайта жаңғыртып, бөрік, шапан, сауқеле, көйлек, камзол, бешпент сияқты көздің жауын алар киім түрлерін тігумен айналысты. Анасынан үйренген әдісімен әрбір киімді әзірлеу кезінде оған салынатын ою-өрнектің мән-мағынасына ерекше көңіл бөлетін. Сондықтан «Торғын» тігін шеберханасы дайындаған тауарлар үнемі сұраныста болды. Әрине, ол үшін тәжірибелі кәсіби тігіншілер де даярланды.

– Ең алғаш жұмысымды бастаған кезде жас келіннің киімінің ашық-шашық болмай, ұлттық нақыша сай жинақы әрі талғаммен тігілуіне мән бердім. Көп ұзамай, қолға алған кәсіміз алға басып, көпшіліктің сұранысына ие болды. Бірнеше мәрте газет-журналдарда насихатталып, теледидар арқылы да халыққа кеңінен танылды. Соның нәтижесі десек болар, қазір ұлттық киімге деген елдің қызығушылығы ерекше. Қазақ бешпенті бұрын тек үлкен кісілердің үстінен көретін едік, бүгінде жастар да жарқыратып киіп жүр. Бұл – ұлттық өнерге деген құрмет екенін ескерсек, көңілге қуаныш ұялайды. Қазір бұл кәсіпті жақын сінлім жалғастырып, ұлттық нақыштағы киімдер мен бұйымдар тігуді қолға алған.

Көп жыл елдің назарында жүріп қызмет еттік. Дегенмен ойлана келе, отағасы, ер-азамат Нұркеңмен қатарласпай, ол кісіні алға оздырайын деп шешім қабылдадым. Осылайша отбасының ұйытқысы – ана ретінде балаларымның тілеуін тілеп, өсіріп, жеткізіп, өлкетіміздің өмірден өз орнын табуына қолдау көрсетіп отырған жайым бар, қарағым, – деді Қалимаш апамыз, телефон арқылы сөйлескенімізде.

Бүгінде өмірлік жолдасы, ел ағасы Нұрмұрат Ермановпен бірге төрт перзент тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан немере-шөбере сүйіп отырған бақытты отбасы. Иә, жоғарыда айтып өттік, бұл кісі жас күнінде дәрігер болуды армандағанын, сол арманына перзенті қол жеткізгені. Қазір бір қызы білікті дәрігер. Басқа балалары да өзі мамандығына сай қоғамның ер саласында жемісті қызмет атқарып жүр.

Ғазиға ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

АТОМ ДӘУІРІНІҢ САБАҒЫ

Адамзат тарихындағы II дүниежүзілік соғыстың салдарынан 1945 жылы 6 және 9 тамызда АҚШ Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастады. Бұл тарихтағы алғашқы ядролық қару қолдану оқиғасы, салдарынан 200 мыңнан астам адам қайтыс болып, екі қала қирады.

1947-1991 жылдар аралығында АҚШ пен КСРО арасында геосаяси, идеологиялық және экономикалық текетірес орын алды. Екі жақтың соғыспағанымен, қарулану жарысы, технологиялық бәсеке (ғарыш), ақпараттық соғыс және жаһанна соғыстар (Корея, Вьетнам) арқылы дүниежүзіні екі лагерьге бөлді.

Ал 1950 жылғы 15-19 наурыз аралығында Стокгольм қаласында өткен Бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік конгресі тұрақты комитетінің сессиясында нақты құжат қабылданған болатын.

Бұл тарихта Стокгольм үндеуі деп аталды. Үндеуде: «Біз әлем халықтарынан атом қаруын толықтай тыйым салуды талап етеміз. Атом қаруын бірінші болып қолданған кез келген үкімет адамзатқа қарсы қылмыс жасаған болып есептеледі

тиіс және соғыс қылмыскері ретінде жазалануы керек. Біз барлық бейбітшілік сүйгіш адамдарды осы үндеуді қолдауға шақырамыз» делінген.

Бұл үндеуге 1950 жылы әлемнің бүкіл халықтары арасында қол қойған адамдар шамамен 500 миллионнан асты. Оның ішінде Кенес Одағы елдерінің тұрғындары да бар.

Архив деректеріне сүйенсек, 1950 жылы Стокгольм үндеуі радиодан жарияланған кезде Қазақстанның қалалары мен ауылдарында жиналыстар, митингілер және қол жинау шаралары өткен. Бүгінде, Қоғамдық-саяси тарихы архивінде Қызылорда облыстық комитетінің секретарына берілген деректер сақталған. Құжаттарда бейбітшілікті жақтаушылардың бүкіл дүниежүзілік конгресі тұрақты комитетінің

үндеуіне қол қойдыру науқаны кезіндегі жүргізілген саяси-көпшілік, мәдени-ағарту жұмыстары туралы жазба баяндамалар, ақпараттық хаттар, күнтізбелік жоспар, комиссиялар құрамы, қаулылар, телеграф және телефон шығындары үшін ағымдағы шотқа сұраныстар, әр аудан, ауылдардан дауыс жинау кестелері сақталған.

КСРО атом энергетикасын қарқынды дамытқан мемлекеттердің бірі болды. АЭС-тер негізінен Ресей, Украина, Литва және Армения аумақтарында орналасқан.

Апат айтып келмейді демекші, 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр станциясының төртінші энергоблогында болған жарылыс адамзат тарихындағы ең ірі техногендік апаттардың бірі ретінде тіркелді. Бұл қабығы оқиға Украина аумағында, Киев қаласынан шамамен 110 шақырым жерде орналасқан станцияда орын алған. Билы осы апатқа 40 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде апаттың салдары толық жойылған жоқ және оның зардаптары әлі күнге дейін зерттеліп келеді.

Чернобыль атом электр станциясы Припять қаласының маңында орналасқан. Апаттан кейін реактор маңында 30 шақырымдық арнайы оқшаулау аймағы құрылды. Бұл аймақ қазіргі таңда «Чернобыль тыйым салынған аймағы» деп аталады. Жалпы аумағы шамамен 2600 шаршы шақырым бұл өңірде тұрақты тұруға тыйым салынған. Радиоактивті ластану тек Украина аумағымен шектеліп қалмай, көрші Беларусь пен Ресей аймақтарына да тарайды.

Ресми деректерге сүйенсек, 1986 жылғы 26 сәуірде түнгі сағат 01:23 шамасында төртінші энергоблокта жоспарлы сынақ жүргізу кезінде реакторда қуат күрт өсіп, екі мәрте реакторы болған. Соның салдарынан реактор ғимараты қирап, атмосфераға радиоактивті заттар таралды. Реактордағы өрт бірнеше күн бойы сөнбей, оның салдарын жою үшін мыңдаған құтқарушы мен әскери қызметкер жұмылдырылды.

Апаттан кейін шамамен 155 мың шаршы шақырым жер радиациямен ластанды. Бұл аймақта шамамен 7 миллионға жуық адам өмір сүрген. 30 шақырымдық аймақтан 100

мыңнан астам тұрғын көшірілді. Припять қаласы толықтай бос қалып, бүгінгі күнге дейін қағырап тұр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы деректеріне қарағанда, радиацияның ұзақ мерзімді әсері кейбір аймақтарда қатерлі ісік ауруларының көбеюіне, жүйке жүйесі бұзылыстарына және генетикалық мутацияларға алып келген. Радиоактивті ластанудың әсері әсіресе балалар денсаулығына ауыр тигені айтылады.

Бұл сынақтан Қазақстан да өтті. Олжас Сүлейменов 1989 жылы танымал «Невада-Семей» халықаралық ядролық қаруға қарсы қозғалысын бастап, КСРО-дағы алғашқы бейбіт антиядролық қозғалысты басқарды. Оның жетекшілігімен 1991 жылы Семей ядролық полигоны жабылып, Қазақстан аумағындағы сынақтар тоқтатылды. Бұл бастама қолдау таусып, ядролық қарусыздануға үлкен үлес қосты.

Қ. АҚПАНОВ,
Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві қоғамдық-саяси тарихы архиві филиалының басшысы

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымында газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.